# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 23 (456) 9 маусым, 2022 жыл




*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
**Мағжан**




# ТҮНГІ ҚАЛА ТЫНЫШТЫҒЫН БҰЗҒАН КІМДЕР?

**Қай мемлекетте де қоғамның ілгері басуының алғышарты – жасы мен жынысына, қызметі мен мамандығына қарай бөлінбеу, көпке ортақ тәртіпке бағыну, еркіндіктен деп елдің қамы үшін бекітілген ережеден аттамау. «Тәртіпке бағынған құл болмас» дейді Бауыржан Момышұлы бабамыз. Әңгіме көпке дейін еленбей келген, қала тұрғындарының түнгі тыныштығын бұзған кәсіпкерлік нысандар жайында болмақ. Иә, соңғы жылдары кешкі серуен үшін қолайлы аумаққа айналған қаланың көркі – орталық алаңда бірі велосипед, бірі ескі стильдегі күйме, бірі электронды самокатымен балалардың көзін де, көңілін де өзіне аударатын кәсіпкерлер аз емес. Дегенмен түнгі тыныштықты бұзатын да – ойын-сауық нысандары.**

Жақында велосипед мінген қос жеткіншектің бір-біріне соқтығысып, дене жарақатын алуы мәселенің маңызын арттыра түскендей. Осы орайда орталық алаң маңында қоныстанған тұрғынның мәселеге қатысты пікірін білген едік.

– Орталық алаңның маңында тұрамыз. Шыны керек, осы уақытқа дейін велосипед үшін ғана емес, кеш батса, шулаған дауыс ұйқы бермейтін. Күн жылынып, жаз басталса, жылдағы жағдай осы. 3-4 жылдан бері тұрғындар жұрттың түнгі тыныштықты бұзып жүргеніне арызданып еді. Кешкі уақытта көше кезген көлік те көп, оған ойын-сауық орталығына айналған алаңды қосыңыз.

Оқыс оқиғаға байланысты алаңдағы велосипед, ойын-сауық құрылғыларының орталық алаңнан көшірілуі тұрғындар үшін қуанышты жаңалық десем, артық емес. Қаланың сәні жастар мен өскелең ұрпақ болса да, жұмыстан шаршап келіп, демалатын уақытта көшеде шудың артуы мәселе. Осы орайда аталған келеңсіздікті назарға алған басқармаға ризашылығымды білдіремін, – дейді қала тұрғыны Ақжарқын Сейтқұлова.

Жоғарыда атап өткендей, түн тыныштығын бұзу заңнама жүзінде де бекітілген. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 437-бабы бойынша адамдардың демалысы мен тыныштығына түнгі сағат 23:00-ден таңғы 6-ға дейін кедергі келтіргендерге жаза ретінде 5 АЕК көлемінде айыппұл салуға негіз бар. Тіпті, бір жылдың ішінде тәртіптің бұзылуы қайталанса, 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлеуге тура келеді. Жаза қылмысты азайтпайтыны бұрыннан белгілі. Ал қалалық әкімдік пен кәсіпкерлік нысандарға жауапты басқарма бұл мәселеге қатысты қандай шара қолданды? Бұл сұраққа да жауап алдық.

«Осыған дейін орталық алаңда орналасқан спорттық қызмет түрлері, соның ішінде велосипед және электронды самокат құрылғыларының жылдамдық асырғаны байқалды. Тіпті бір-біріне және алаңда серуендеп жүрген адамдарға соғу салдарынан түрлі дене жарақатын алу деректері көп орын алды. Сонымен қатар жергілікті тұрғындар тарапынан аталған қызмет түрлеріне қатысты тыныштығын бұзу бойынша шағым түсіп, әлеуметтік желіде түрлі ескертпе жасалды.

Осыған байланысты «Қызылорда қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм» бөлімі жергілікті полиция қызметі, төтенше жағдайлар басқармасы, мемлекеттік кірістер басқармасы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы қызметкерлерінің қатысуымен орталық алаң аумағындағы кәсіп иелеріне түсіндірме жұмысын жүргізді. Мұнымен қоса осы жылдың 27 мамырында қала әкімінің орынбасары Ж.Сейіловтың төрағалығымен құзырлы орган өкілдері және орталық алаңдағы кәсіп иелерімен жиын өткізілді. Нәтижесінде әр кәсіп иесінің қызметіне байланысты қалалық мәдени және демалыс паркі, президент паркі аумағынан орын ұсынылған. Осылайша екі тарап та ортақ келісімге келді», – деп пікір білдірді қалалық әкімдік.

Түн тыныштығы кез келген қаланың тұрғыны үшін ойын-сауық құрылғыларынан, жастар жиі жиналатын орталық алаңдағы шулы қозғалыстан жоғары тұруы тиіс. Мұны заң да, адамдық көзқарас та қуаттайды. Әрине, кәсіп қылған адамға халық көп жиналатын аумақ өтімді. Тек өзіміз пайда табамыз деп өзгелерге зиянымыз тимесе болғаны...

**Дина БӨКЕБАЙ**

---

Ұлан САЙЛАУ, жас кәсіпкер:

# КАРАНТИН КӘСІПКЕ БЕЙІМДЕДІ

**Бүгінде отандық өнімді жан-жақты дамыту мәселесі күн тәртібінде тұрғанын ескерсек, Ұлан Сайлаудың кәсібі болашақтан үлкен үміт күттіреді. 9 сыныпта оқитын Ұланның байыпты ісін байқағанда таңқалғанымыз жасырын емес. Ол біз бен жіпті байланыстырып, сәнді аяқкиімдер шығаруда. Ептілік пен сабырлықты қажет ететін кәсіптің бейнеті бес елі. Қаршадай қыздың қолтаңбасының құны да қалтаға қонымды. Бүгінде оның қолынан шыққан аяқкиімге тапсырыс берушілердің де қарасы артып келеді. 15 жастағы шебердің шаңырағында болып, еселі еңбегімен танысып қайттық.**







**– Ұлан, мектеп оқушысы үшін кәсіп бастау оңай емесі анық. Етікшілік – ата кәсіп деп жатады. Десек те аяқ киім тігудің өзіндік қиыны бар. Берекелі ісіңіз қалай бастау алды?**

– Бәрі карантин уақытында басталды. Жалпы әр бір кезең адамды бір іске бейімдеп алады. Карантин уақытында қимыл-қозғалыс азайды. Сабақ та бұрын-соңды болмаған онлайн форматқа көшті. Әке-шешеміздің де жұмысы тұралап қалды. Барлығымыз телефоннан әрі аса алмай қалдық. Анамның ине мен жіпке жақындығы бар. Қолы қалт етсе, құрақ көрпеше тігіп, тапсырыс қабылдайды. Содан анам мені де бейімдеуге көшті. Қазір ғаламтордың дамыған заманы. Шеберлік курстарды онлайн оқып, кәсіп бастауға болады. Инстаграмда «Алтын қол» деген парақша бар. Этнобрендке бейімдейді. Отбасымызбен ойласа келе онлайн курсын оқитын болдық. Курс тегін болмайтыны өзіңізге белгілі. 15 мың теңгемен сол курсты оқып, тоқыма тігуді үйрендік. Гүлнар Ақбұзауова ұстазымыздың күнделікті тапсырмасының көмегімен маман болып шықтық. Тоқыма тігемін деп шектеліп қалмау керек болды. Үйренгенімді пайдаға асыруым тиіс. Содан аяқкиім тігіп шығаруды қолға алдым. Алғашқы еңбегімді отбасым кәдеге асырып, бақылаудан өткізді (күліп).

**– Кәсіпке қандай технологияны қолданып отырсыз?**

– Нақты бір технологияны қолданып отырған жоқпын. Тоқыма бізі мен ирандық жіп – менің серігім. Егер кәсібім дамып, сұраныс артып жатса, жаңа технологиялар алып, шеберхана ашуды қолға аламын.

**– Бір тапсырысты қанша уақытта бітіресің?**

– Қолды енді жаттықтырып жүргенде 1 аяқкиімге 1 күнімді арнайтынмын. Қазір бұл іспен айналысып жүргеніме бір жылға жуықтап қалды. Сондықтан қазір уақытты текке жұмсамаймын. Бір күнде істейтін дүнием бір сағатқа алмасты. Егер тапсырыстың дизайны мен пішіні қиындау болса, 3-4 сағат уақытымды жұмсаймын.

**– Еңбегіңді қаншаға бағалайсың?**

– Бізде қолдан жасылған дүние қымбат тұрады деген ой қалыптасқан. Мен сол ойды түбегейлі өзгертуге тырысып жүрмін. Мысалы, үй жағдайында киетін аяқ-киімнің шикізатына 1700 теңге жұмсаймын. Қолдан жасалған өнім деп оның үстіне 5-6 мың теңге қоса алмаймын. Әрине, еңбекті де бағалаған жөн. Десек те халықтың ыңғайына қарағанымыз дұрыс. Менің қолымнан шыққан аяқ киімдердің қымбаты – 10 мың теңге болса, арзаны – 3 мың теңгені құрайды.

**– Құпия болмаса жас кәсіпкердің бір айдағы табысы қандай?**

– Құпия емес (күліп). Қазір істеп жатқан кәсібім ауқымды деп айта алмаймын. Белгілі бір шеберхана да жоқ. Қазір тек тапсырыс бойынша жұмыс істеудемін. Сондықтан шикізатты есепке алмағанда бір айдағы минималды табысым 70 мың теңге.

**– Қазақта «ерінбеген етікші болады» деген сөз бар. Бұған қарап етікшілік өнердің табандылықты талап ететінін байқаймыз. Дегенмен нарықтық заманда еңбектің жануы үшін қолдау да қажет сияқты. Мемлекеттен тарапынан көмек бар ма?**

– Әрине, дұрыс айтасыз. Екінің бірі бұл кәсіпті бейімдей алмайды. Бұл өте қиын кәсіп. Әзірге мемлекетке қол жайып отырғаным жоқ. Шама-шарқымша еңбектеніп жатырм. Бірақ мұны әрі қарай ілгерілеу үшін елден көмек қажет. “Атамекен” кәсіпкерлік палатасына кәсібімді ұсынып, қолдау алуға ұмытылып көремін.

**– Кәсібіңіз берекелі болсын!**

**Әңгімелескен**
**Ерасыл ШӘРІБЕК**
**Суретті түсірген**
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

---



# ӘННЕН МӘН КЕТСЕ...

**Өнер жастың ғана емес, бүтін қоғамның сана деңгейі мен таным-түсінігінен хабар беретіні анық. Әсіресе, ән өнерінің әлемі адамдар арасындағы байланысты нығайтып, мәдени болмысты қалыптастыруға жол ашады. Алайда соңғы уақытта қазақ эстрадасындағы арзан әуен, мәнсіз сөздің бағыты бұл бағаға кереғар секілді. Кей әннің ығырыңды шығаратын ырғағы мен мазаңды қашыратын мазмұны аталған тақырыпқа қалам тербеуге түрткі болуда. Бүгінгі эстраданың аяқалысы мен ән сөзінің салмағын таралап көрелік.**

Шынында, “эстрада жұлдызы” атанып жүрген әншілердің арзан әнге құмартқаны жасырын емес. Әуез шалалығын айтпағанда, ән сөзінің салмағы аз, қабыспайтын тұсы көп. Тіпті кейбірі мұндай қадам танымал болудың төте жолы деп түсініп, бір-бірінен өткен сорақы әндерді жарыққа шығаруда. Әбедепкіде мағына алшақтығы байқалса, бүгінде бейпіл сөз, жосынсыз әңгіме де ән сөзінен байқалып жүр. Әрине, мақал қосып, әсірелеу заман талабы емес шығар, десе де салмақты сөзге әлі сұраныс барын ұмытқандаймыз.

2

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# ӘННЕН МӘН КЕТСЕ...



**Бір қарағанда болмашы дүние көрінгенімен, мәселенің мәні тереңде. Миллиондаған тыңдарманға жол тартқан өнер туындысының эстетикалық деңгейі төмен, мағыналық мәні жұтаң болуы – өрескел қателік. Себебі дүниетанымы енді қалыптасып келе жатқан жас буын әндегі орынсыз сөз саптауды «норма» деп қабылдап, тіпті өзара сөйлеу стиліне енгізуі ықтимал. Өйткені, өнер қоғамды тәрбиелеуші негізгі құрал емес пе?!**

Әр сөзі қатеге тұнған әндердің мысалын алыстан іздеудің қажеті шамалы. Той-томалақ пен «хит» әндердің мәнін талдау жеткілікті. Бүгінгі шырқалып жүрген мағынасыз әндердің бір бөлігіне КешYOU тобының «Swala La La», «Диета KZ» тобының «Че там, қарындас?», Кентал есімді әншінің «Құдағи», Бейбіт Қошқалиевтің «Лаула» сынды әндерін жатқызуға болады. Асхат Тарғынның «Чип-чипін»-нен енді ғана айыққан эстарадада ұйқас пен буыннан ада әндер қайта қаптауда.

Мысалға келтірген Кентал есімді әншінің «Құдағи» әні жиын-тойда міндетті түрде қойылатыны анық. Көбіміз мәні мен мағынасы жоқ сол әуенге елітіп, лепіре билеуге әуеспіз. Жұрт құмарта билейтін сол әннің сөзінің сиқы мынау:

«Жігіт жолдас осылай билейд(і),
Қыз жолдас осылай билейд(і),
Інілер осылай билейд(і),
Қарындастар осылай билейд(і),
Әпкелер осылай билейд(і),
Аналар осылай билейд(і),
Анам осылай билейд(і),
Әкем осылай билейд(і).
Құрбы-достар билеп тұр,
Туысқандар билеп тұр,
Құда өзі билеп тұр,
Бірақ бір кісі билемей отыр.
Құдағи, құдағи бір би,
Құдағи, құдағи бір би,
Бір партия.
Құдағи, құдағи бір би,
Құдағи, құдағи бір би».

Расында сорақы. Талғам-түсінікті былай қойғанда, кәсібилік деген ұғым бар емес пе?! Мұндай мәндегі әнге басымдық берген орындаушының шығармашылық әлеуеті мен өнерге көзқарасы туралы салмақты баға беру мүмкін еместей. «Аяқты қимылдат», «Че там қарындас», «Титтей», «Кетті, лақты ол, тыңдамай», «Ақ көйлегім бар дейсің...» деген сықылды әндер халықтың санасын улап, талғамын түсіріп келеді.

Әншілердің басым дені мұндай өкпе-назға «Халықтың деңгейі осы болған соң, біз де соған сай ән жазамыз» деп жауап беруде. Алайда халықтың талғамын қалыптастыратын өнер адамдары екенін ұмытқан секілді. Өнері мен жүріс-тұрысы арқылы үлгі бере алса, қай қоғам болмасын өзге сатыға көтерілері анық. Кез келген адам композитор, ақын деген статусты иеленіп, өзім білемдікке салынған тұста бұл ұстаным да көмескіленуде. Ән өнерінің бағасын арзандатып, тақпақ пен өлеңнің аражігін ажырата алмау осыған әкеліп отыр. Арзан күлкі, орынсыз сөзден халық тез жалығып, өзге әнді күтуге көшеді. Содан болар, бұл бағыттағы әндердің қатары қалың.

Оған қоса «хит» музыка ырғағы жылдам, сөзі тез жатталатын, айтуға ыңғайы болу керек теген қасаң қағида да өнерді кенжелететін секілді.

«Халықтың сұранысы, талғамы осы болған соң қайтеміз?» деп ақталады көп әнші. Пайда тапсақ болды деп пайдасыз дүниелерді халыққа ұсынуды қашан қояды екенбіз?! Талғамымыздың мұншалықты төмен-дегеніне таңғаламын кейде.

Сонымен қатар мәнсіз сөз тек той-томалақтағы әндерде емес, жастардың сүйіп тыңдайтын заманауи бағыттан да байқалады. Мәселен, танымал Ninety One тобының әндері де оңды-солды қолданып, киелі өнердің қадірін кетіруде. Бұл олардың музыкалық қабілеті мен эстетикалық талғамына берілген баға емес. Жай ғана сөз өнерінің салмағын жеңілдеткен ән сөзіне қатысты ұстаным. Топ орындауындағы «All i need» әнінің алайық. Онда мынадай өлең жолдары кездеседі:

«Мен ұқпаймын не ұнайды,
Тым қиын талдап көрсең.
Біресе былай, біресе былай,
менің жүрегім – Алдар Көсе!
Түйсігім дана көсем,
«тек ми ісіткен бала өсер».
Сүйсінген адам өзіне – қисығын балап төзеді!
Жасыратын несі бар, көп жастың қалтафонында осы мәндес заманауи әуен жетерлік.

Осы орайда қызылордалық жас әнші Болатбек Әмірханнан неліктен мұндай әндерге сұраныс жоғары екенін, жастардың осы мазмұндағы шығармаларға әуестігі туралы пікірін білген едік.

– Аталған әндерді мен де тыңдаймын. Ол шығармаларды тойда орындағанды, бейнежазба мен әлеуметтік желіде қолданғанды ұнатамын. Алайда бұл өлең-сөзге немқұрайлы қарау дегенді білдірмейді. Бұл жастармен бір толқында болуға, көптің ой-сезімін түсінуге мүмкіндік береді. Ал ән сөзінің мағынасының арзандауы ғаламдық құбылыс. Бұл үрдіспен құзіретті мекеме айналысуға тиіс. Арнайы комиссия құрылу керек те шығар. Сонда ғана қоғамдық талғам қалыптасады деп ойлаймын, – дейді жас әнші.

**P.S.** Технологиялық игілік емес, өнер ғана адамзаттың интеллект деңгейін өрістетеді. Жандүниемен жалғасқан әуен, сурет, сөз – ұлы ойларды тударуға қауқарлы. Сондықтан қоғам үшін қай өнердің болмасын «халтурадан» ада болғаны пайдалы.

**Берен ШАҒЫРОВ**



# Суға түскенде сақтық керек



**Жаз басталса, жыр болатын мәселе көп. Адам мен оның денсаулығы, өмірі алғашқы орында тұратын қоғамда суға түсу маусымымен қауіп-қатер де қатар жүреді. Осы жылы да әдеттегідей 1 маусым – балаларды қорғау күні мерекесінде суға түсу маусымы ресми түрде ашылып, аталған салаға қатысты қарқынды жұмыс басталды. Өңірде тыйым салынған жерлерге суға түсу, қауіпсіздік ережелерін сақтамау нәтижесінде жыл сайын суға батып, ажал құшқандар қатары көбеюде. Бұған басты себеп неде? Суға батып бара жатқан адамды көргенде алғашқы әрекет қандай болуы керек? Балалардың қауіпсіздігі үшін қандай шаралар қолға алынған? Осы сұрақтар төңірегінде пікір алмасып көрелік.**

**СТАТИСТИКА СӨЙЛЕЙДІ**

Суға шомылу маусымы ашылған күннен бастап қызметкерлер Сырдария өзені жағалауында және қала аумағында орналасқан су айдындарында сағат 13.00-ден кешкі 21.00-ге дейін рейд жұмыстарын жүргізуде. Жүзу білмейтін, ата-ананың қарауынсыз суға түсетін балалардың қауіпсіздігі үшін тұрақты жүргізілетін мұндай шаралардың маңызы зор. Соған қарамастан өңірде суға батып кеткендердің саны азаяр емес. Мәселен, өткен жылғы статистикаға сүйенсек, облыс бойынша суға шомылу маусымы басталғанға дейін 49 адам суға батып кетсе, оның 24-і бала екен. Ал суға шомылу маусымы кезінде Қызылорда қаласындағы су айдындарында 13 адамның қаза болу фактісі тіркелсе, оның ішінде 8-і кәмелет жасқа толмаған жеткіншектер мен кішкентай балалар. Ал осы жылы суға шомылу маусымының ашылғанына енді ғана бір апта болса да, шомыламын деп, шыға алмай қалғандар жеткілікті. Осы саланың маманы Мақсат Төремұраттың айтуынша, 2022 жылғы мамыр айында 3 адамның, соның ішінде 2 баланың қаза болу фактісі тіркелген. Ал орын алған қайғылы жағдайлардың 70 проценті мектеп жасындағы балалардың ата-анасының, ересектердің қадағалауынсыз суға түсуге рұқсат етілмеген, тіпті, қауіпті аймақ саналатын жерлерде «Суға түсуге тыйым салынады» деген ескертпе тақтайшаларға құлақ аспай, өз беттерінше шомылуын туындайды. Қала көлемінде суда орын алған қайғылы жағдайларға жасалған талдау көрсеткендей, негізгі себеп судағы қауіпсіздік ережелерінің өрескел бұзылуы және су айдындарының жабдықталмаған жерлерінде суға түсу екені байқалады.

Тілсіз жауға қатысты оқыс оқиғаның соңы ажалмен бітетіні белгілі. Мұндай жайттар легі толастаған емес. Мәселен, бірнеше апта бұрын 19 мамыр күні облыстық төтенше жағдайлар департаментіне Белкөл кентіндегі каналға 15-16 жасар ер баланың суға кеткені жөнінде хабар келіп түскен.

«Оқиға орнына барғанда кенттегі №189 мектептің тоғызыншы сынып оқушысы суға батып кеткені мәлім болды. Құтқарушылар ақпаратты естіген бойда баланың мүрдесін іздеу жұмыстарын бастап кеткен. Оған жедел құтқару жасағының басшысы Бақыт Ембергенов жетекшілік етеді. Бұл жұмысқа 7 құтқарушы тартылған. Оған қажетті техника, қайық жеткілікті. Сүңгуірлер жасөспірімнің денесін оның суға батқан жерінен 500 метрдей қашықтан тапты», – дейді Қызылорда облыстық төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметінің баспасөз хатшысы Әлия Ережепова.

**СЕБЕП БАР, ШЕШІМ ШЕ?**

Абайсызда суға батып кеткендерді құтқару үшін қажетті құралдардың түгел болуы маңызды. Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері Мақсат Төремұрат: «Қазіргі таңда қалада 49 сүңгуір маман, 18 бірлік техника, 16 дана ілмелі мотор, 29 жүзу құралдары: 5 катер, 6 темір қайық, 2 пластикалық қайық, 8 үрлемелі қайық бар.

Сонымен қатар белгіленбеген аймақтарда суға шомылу фактілері анықталған жағдайда жергілікті полиция қызметімен аталған азаматқа немесе ол кәмелеттік жасқа толмаса, оның ата-анасына Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 364 бабы бойынша жалпы суды пайдалану ережесін бұзу және 412 бабы бойынша су айдындарында қауіпсіздік ережелерін бұзу немесе орындамауға қатысты хаттама толтырылып, тиісті шара көріледі. Суға түсудің заңдылықтары мектеп жасындағы балаларға түсіндіріліп, насихатталады. Алайда ата-ана мен басқа білім ошақтарында күнделікті суға түсу мәдениеті, ережесімен таныстырылса, артық емес», – дейді.

Бұдан бөлек мас күйінде суға түсетін адамдар да құтқарушыларды әбігерге түсіріп қоятыны бар. Судың маңында спирттік ішімдіктер ішу сол адамның өзіне ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға да зиян келтіреді. Суға лақтырылған, сынған бөтелкелер судағы басқа да адамдардың жарақаттануына, оқыс жағдайға ұшырауына әкеледі.

Суға түсуді үйреніп жүрген мектепке дейінгі балалар үшін арнайы орын бөлініп (тереңдігі 0,7 метрден аспау керек), қауіпті жерлер арнайы тростармен белгіленуі керек. Су жағажайларының тереңдігі 1,5 метрге дейін болғанда 12 жас және одан үлкен жақсы жүзе алатын балаларды жіберуге болады. Балалардың қасында міндетті түрде суда жақсы жүзе алатын үлкендер болу керек. Барлық бала мына ережелерді есте сақтауы тиіс: суға тек арнайы жерлерде түсу; кемелерге, басқа да жүзу құралдарына жақын бармау; таныс емес жерлерге, жағалауларға сүңгімеу; су температурасы 18 градустан төмен болғанда суға түспеу; балалар өзен-көлге тек қасында үлкен адамдар болғанда ғана шомылуы керек.

Иә, суға түсу, демалу бөлек те, суға түсу мәдениетін білу, ережелерді сақтау тіптен басқа дүние. «Сақтансаң, сақтаймын» деген ұстаным күнделікті тіршіліктен тыс жатқан жоқ. Ережеген бағыну да ерікkеннің ісі емес. Жылдан жылға қауіпсіздік техникаларының түгелденіп, заманауиланып келе жатқаны қуантады. Алайда өзіміз өзімізге, айналамыздағы адамдарға, қоғамға жауапкершілік алып, бір адамның амандығына септігімізді тигізе алмасақ, не өзгермек? Ол үшін ережелерді ұғындыру, жүзуді үйрену мен үйрету, тіпті, ақпараттық, физикалық қолдау көрсету де артық етпейді...

**Дина БӨКЕБАЙ**



# ЗИЯННАН АРЫЛУ ЖОЛЫ



**Қызылорда қаласында дүниежүзілік темекіге қарсы күн қарсаңында «Темекі туралы барлық шындық» атты жылжымалы көрме өтті. Ұйымдастырушылар – ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы, «Темекі түтінінен азат Қазақстан үшін» ұлттық коалициясы және облыстық денсаулық сақтау басқармасы.**

Қызылорда қалалық мәдениет және демалыс паркінде өткізілген көрме 4 күнге созылды. Қазақстанның 10 қаласында өткізілген шараның мақсаты – темекінің адам өміріне тигізер зиянын дәлелдеу. Мамандар сау өкпе мен темекі тұтынатын адамның өкпесін салыстырып, темекі тұтынған уақытта ағзада болатын өзгерістерді көрсетті.

«Темекі зиянынан жыл сайын 8 миллионнан астам адам дүние салады. Қазіргі таңда ер балалар ғана емес, қыздар темекі шегуде. Тіпті мектеп оқушыларынан да бұл жағымсыз әдетті байқаймыз. Жалпы көп жөтелу, шаштың ағаруы немесе түсуі темекінің әсерінен туындайды. Темекіні тастау үшін алдымен нарколог мамандармен ақылдасуы қажет», – дейді ұйымдастырушы Гүлназ Рысбекқызы.

**Аружан СЕРІКБАЙҚЫЗЫ**

# БАЛАЛЫҚТЫҢ ӘР КҮНІ - БАҚЫТ



**Облыстық білім басқармасына қарасты кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында «Бақытты балалық шақ» атты мерекелік шара ұйымдастырды. «1 маусым – балаларды қорғау күніне» орай өткен шараға облыстық білім басқармасының маманы Шолпан Рүстемқызы, «Қамқоршылық кеңестің» төрайымы Дина Маратқызы қатысты.**

Айта кету керек, балалар концерттік бағдарламада ән, би, түрлі қолөнер, суретшілік қырын көрсетті. Тәрбиешілер орталықтағы балаларға Алғыс хат беріп, арнайы марапат жасады.

«Мұндай мерекенің балалар үшін де, мемлекет үшін де мәні зор. Орталықта бейімделетін балалар өзін жеке тұлға әрі үлкен ұжымның мүшесі ретінде сезінеді. Ал бүгінгідей шарада сахнада өнер көрсету арқылы көпшілікке бейімделіп, көзқарасын білдіруге дағдыланады», – деді ұйымдастырушылар.

**Аяжан Убайдулла**

# ГРАНТ АЛУ ПРОЦЕСІ АВТОМАТТАНДЫРЫЛДЫ



**Бұрын мемлекеттік гранттарға барлық санаттағы азаматтар үміткер бола алса, биылдан бастап тек 29 жасқа дейінгі жастар мен әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтар ғана грант ала алады. Бұл туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Жұмабекқызы мәлімдеді.**

– Грант беру процесі биыл электронды түрде өтеді, яғни адами фактор жойылып, грант алуға үміткердің талапқа сай келетіндігі (келмейтіндігі) жүйе арқылы анықталады. Бұл ретте үміткерлер өтінімдерін «Енбек-Бизнес» порталына ЭЦҚ (электронды цифрлық қолтаңба) арқылы тапсыратын болады. Аталған санаттағы азаматтар жұмыспен қамту органдарында тіркеуде тұрған жұмыссыздар немесе мәртебесін ресімдеу мерзімі 1 жылға дейінгі жеке кәсіпкерлер немесе Бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер немесе жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істейтін азаматтар қатарынан болуы тиіс. Сондай-ақ грантқа үміткер «Бастау бизнес» жобасының сертификатын (соңғы 3 жыл ішінде алған) және кемінде 1 жыл тұрғылықты жері бойынша тұрақты немесе уақытша тіркеу туралы мәліметтерді ұсынады, – деді Жанар Жұмабекқызы.

**Аружан ҚАРАБАТЫРОВА**

# ЖАЗДЫ ҚУАНЫШПЕН ТОЛТЫРАЙЫҚ

Әр баланың жыл сайын жазғы демалысты лагерьде өткізуді армандайтын анық. Биыл Балалар жылы аясында лагерьге баратын бүлдіршіндер қатары көбейді. Атап айтқанда, облыс бойынша 1-10 сынып аралығында 169 263 баланың 100 мыңнан астамы жазғы лагерьге барады. Тіпті, 1 маусымнан бастап аймақтағы 9 балалар тынығу лагері жұмысын бастады. Осы орайда облыстық білім бсқармасы мен өңірлік коммуникациялар қызметі Арал ауданында орналасқан Қамыстыбас ауылында көшпелі брифинг өткізді. Брифинг барысында БАҚ өкілдері «Қамбаш» лагерін аралап, балалар демалатын орынмен танысты.

Мұнда бүлдіршіндер 10 күн демалады. 5 мезгіл тамақтанады. Демалыс орнында балалардың қызығушылығы мен психологиялық жас ерекшеліктеріне сәйкес робототехника, ағылшын, орыс тілдерінің үйірмелері, спорттық-әскери клубтар, суда жүзу және ән, би, сурет үйірмелері жұмыс істейді. Лагерьде тіс дәрігері, тіс емдеу кабинеті де бар.

– Балалар жылына орай «Қазақстан балалары – жазды қуанышқа толтырайық» атты жазғы маусымның ашылу салтанаты 1 маусымда өтті. Лагерь бағдарламасында балаларды топтарға бөліп, тәрбиешілер мен үйірме жетекшілері белсенді жұмыс атқарады. Сонымен қатар аталған орталық балаларды демалыспен қамтумен қатар «Робототехника», «Намыс» әскери-патриоттық клубы, «Happy Englsh», «Золотой ключ» тілдік үйірмелері, «Спортпен достас», «Бассейнде жүзу» үйірмесі, «Алтын сөз», «Дизайн», «Жас пікір сайысшылар клубы», «Шұғыла» би үйірмелерін жүргізетін болады. Әрбір тынығушы өздерінің қалаған үйірмелеріне барып, өз уақытын тиімді, әрі қызықты өткізуіне жағдай жасалған, – деді «Қамбаш» лагерінің директоры Рахан Байтілесұлы.

Балалар демалысынан соң мұнда Қамбаш family отбасылық лагері ұйымдастырылады. Қамбаш көлі жағасындағы бір апталық бұл лагерь бағдарламасы мектепке дейінгі және мектеп жасындағы 4-13 жастағы балалары бар отбасылар үшін ұйымдастырылады. Балалардың қызығушылығы бойынша үйірмелер, ата-аналарға семинарлар мен мастер-кластар, отбасылық арт-терапиялар, түрлі ойындар мен мәдени шаралар ұйымдастырылатын болады.

– Отбасылық лагерь – бүкіл отбасы болып керемет бірлескен шығармашылық тәжірибе жинақтауға, өмірді балалар көзімен көріп үйренуге, отбасы ішінде үйлесімді және бақытты қарым-қатынас орнатуға керемет мүмкіндік", – деді Рахан Қалиев.









Сонымен қатар көп балалы отбасы, мүмкіндігі шектеулі, атаулы әлеуметтік көмек алатын балалар лагерьге тегін бара алады. Бұл туралы облыстық білім басқармасы тәрбие бөлімінің бас маманы Жадыра Шариева хабарлады.

– Биыл облыста қала сыртында жұмыс істейтін 7 мемлекеттік 2 жеке сауықтыру лагері жұмыс істейді. Онда 8 260 бала тынығатын болады. Аймақтағы кей мектептің жанында күндізгі балалардың тынығу лагері бар. Қала сыртындағы лагерьлерге ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасылар, көпбалалы, жетім, аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушылар жазғы сауықтыру демалысымен қамтылатын болады. Меценаттар мен демеушілер есебінен сыртқы туристік лагерьлер жүзеге асыратын болады. Сондай-ақ «Жасыл ел» еңбек жасағына көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарына тартуды ұйымдастыру жобасы аясында 1871 оқушы мен студент жұмыспен қамтылатын болады, – деді Жадыра Шариева.

Айта кетейік, лагерь жұмысы Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесінде аудан әкімі Серік Сермағамбетовтің қатысуымен ашылды.

– Сіздерді 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын! Міне, тағы бір оқу жылы аяқталып, асыға күткен жайдары жаз мезгілі де келіп жетті. Жадыраған жазғы демалыс – барлық балалардың сағына күтетін сәті. Жазғы демалыстарыңыздың әрбір күнінің естен кетпестей қызықты сәттерге толы болуына тілектеспін. Тынығу лагерінде жаңа достар тауып, ауызбіршілік пен ынтымақтың ұйытқысы бола біліңіздер, – деді аудан әкімі.

**Мөлдір САБЫРЖАН**

# ЕСІРТКІСІЗ ӨМІР ҒАЖАЙЫП

Бүгінде төрткүл дүние нашақорлықпен күресуде. Өйткені есірткі – қоғам дерті, әлемді жаулаған қатер. Әсіресе бұл індеттің жастар арасында өршуі кім-кімді де алаңдатпай қоймайды. Есірткіге құмарту жасөспірімдер үшін алғашқыда қызық көрінуі әбден мүмкін. Алайда оған бара-бара тәуелді болып қалғанын байқамай да қалады.

Қазіргі кезде қауіпті індетпен тек ішкі істер органдары емес, қоғамдық ұйымдар, мәдениет, білім салалары бірлескен түрде күресуде. Себебі нашақорлық келешек ұрпақтың денсаулығына, бүкіл бір ұлттың болашағына қауіп төндірумен қатар, қоғамда қылмыстық әрекеттердің өсуіне ықпал етеді.

– Өткен жылы 201 есірткі қылмыстары анықталып, заңсыз айналымнан 127 келі марихуана есірткі заты тәркіленді. Сонымен қатар 14 мың түп сора өсімдігі оқиға орнында жойылды. Ал есірткі қылмысымен айналысқан 137 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылса, оның 52-сі есірткі затын өсіргені үшін құрықталды. Жыл басынан бері құқық бұзушылықтардың 73 дерегі тіркеліп, 21 келі 456 грамм есіркі заты тәркіленді. Соңғы кезде әлеуметтік желілер арқылы синтетикалық есірткіні таратудың жаңа тәсілі шыққан. Атап айтсақ, онлайн арқылы тапсырыс қабылдап, есірткіні белгіленген жерге жасырып қою деректері орын алуда. Олар курьердің көмегімен көпқабатты тұрғын үйдің, ғимараттың, қоршаулар мен гараждың қабырғасына «граффити» суретімен сілтемелерді жарнамалап, насихаттау арқылы әрекетін жүзеге асыруда. Осыған орай департамент жүргізген кешенді жедел іздестіру шараларының нәтижесінде есірткі тарататын сайттарды жарнамалаған Қызылорда қаласының 20 жасар азаматшасы ұсталды. Өкінішке орай оның 110 дерекке қатыстылығы анықталды. Жыл сайын нашақорлық пен есірткі қылмысының алдын алу бағытындағы профилактикалық шаралар өткізіліп келеді. Есірткінің зияндылығын насихаттау бүгінгі біздің басты жұмыстың бірі, – деді облыстық полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы, полиция полковнигі Мақсат Беркімбаев.

Елімізде нашақорлықтың алдын алу мақсатында түрлі шаралар, дәрістер оқылып, семинар, дөңгелек үстелдер және акциялар ұйымдастырылуда. Жыл сайын есірткінің адам өмірі мен денсаулығына зиянын, бір адасқан соң үйіріне қайта қосылып, қатарға ілініп кетудің оңай еместігін жастарға түсіндіру мақсатында есірткіге қарсы күрес айлығы жарияланады. Биыл да 27 мамырдан бері нашақорлыққа қарсы күрес айлығы басталды. Оның басты мақсаты – жұртшылықты салауатты өмір салтын ұстануға, жаһандық дертпен жұмыла күресуге шақыру. Шара шеңберінде облыс көлемінде нашақорлыққа қарсы күресте атқарылған жұмыстар мен салауатты өмір салтын насихаттау шаралары бойынша түрлі байқаулар ұйымдастырылды. Оған аймақтағы білім беру ұйымдарының ұстаздары мен оқушыларының барлығы қатысуда.

Жасөспірімдер арасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес бағытында ауқымды шараларды ұйымдастырған Қазалы, Қармақшы, Шиелі аудандары үздіктер қатарынан көрінді. Атап айтсақ, Шиелі ауданынан Талғат Бөпежанов, Қазалыдан Нұрлан Жанарыстанұлы, Қармақшы ауданының өкілі Ақтолқын Тоқшылықованың еңбектері жоғары бағаланды.

**Ақмарал ОЛЖАБАЕВА**





# ЭНЕРГЕТИКА: БОЛАШАҚ КІЛТІ

Энергетикалық тәуелсіздік – мемлекет экономикасының күретамыры. Өндіріс көлемінен бастап өңірлердегі әлеуметтік ахуал көрсеткішіне дейінгі аралықты қамтитын сала қай мемлекеттің болмасын басты назарында. Қазақстанда аталған бағытта ілгерілеу байқалғанымен, мәселе аз емес. Мыласы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев болашақта электр тапшылығы орын алуы ықтимал екенін мәлімдеп, бірнеше рет сала басшыларына тапсырма берген болатын. Оған қоса



жыл басындағы газ бағасына қатысты келеңсіздік, кей аймақтағы мұнай қорының азаюы, жылу стансаларының ахауы мәселеге бей-жай қарамау қажетін аңғартқан еді.

Тақырыпты Орталық Азия елдерінің «бас ауруына» айналған электр ахауынан бастайық. Неліктен Орталық Азия елдеріне ортақ мәселе десеңіз, көршілес елдердегі электр тарату жолы мен қуат көзі кеңестік кезеңнен келе жатқан электр тарату жүйесіне негізделген. Баламалы электр көзінің қуатының аздығы, ауқымды жобалардың болмау ұзаққа дейін бұл олқылықты күн тәртібінен түсірмеді.

Бір ғана мысал, жыл сайын қыс айларында Қырғызстандағы тозығы жеткен электр жүйесіндегі ақау саладарынан Өзбекстан Республикасы мен Қазақстанның оңтүстік өңірінде электр мәселесі орын алады. Ал тәуліктеп электр көзінің болмауы экономикаға аз шығын әкелмесі белгілі. Оған қоса кеңес электр станциялары кеңес кезеңінен қалған тозығы жеткен қондырғылармен жұмыс істеуде. Сол себепті Қазақстан тарапы жағдайды қалыпқа келтіру мақсатында ауқымды бастамаларды қолға алып келеді. Олардың қатарында электр жүйелерін жаңарту, жасыл энергияға бет бұру, АЭС салу секілді шешімдер бар.

## ЭЛЕКТР ТАПШЫЛЫҒЫ ТУЫНДАУЫ МҮМКІН

Шынында Қазақстандағы электр энергиясының сұранысы күн санап өсуде. Мамандардың болжамынша, 2030 жылға қарай сұраныс 136 млрд кВт/сағ, ал 2050 жылы 172 млрд кВт/сағ-қа дейін өседі екен. Сол себепті электр стансаларының жұмысын жандандыру, маңызға ие болды. Оған себеп те жоқ емес. Мысалы, елде 2030 жылға қарай 11-12 ГВт тоқ тарата алатын жаңа қондырғылар қажет болса, 2050 жылға қарай 32-36 ГВт тоқ тарататын жаңа қондырғылар қажет болмақ.

Қазіргі таңда елде электр энергиясын өндіретін 214 электр стансасы бар. Электр стансаларының қолда бар қуаты 20,1 ГВт құрайды екен. Энергетика министрі Болат Ақшолақовтың БАҚ-та жарияланған ресми мәліметіне сүйенсек, электр тапшылығын болдырмау үшін электр стансаларының жұмысы назарға алынбақ.

«11 ақпандағы жағдай бойынша жұмыс қуаты шамамен 15 ГВт құрайды. қолда бар және жұмыс қуаты арасындағы айырмашылық елдің моральдық тұрғыдан ескірген энергия көздеріндегі жоспарлы және авариялық жөндеу жұмыстарына және теңгерімге ЖЭК объектілерінің қатыспауына байланысты. 2021 жылы электр энергиясын тұтынудың күрт өсуі байқалды. Ол 113,89 млрд кВт/сағ. құрады. Бұл 2020 жылдың көрсеткіштерінен 6,1%-ға жоғары. 2021 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын өндіру көлемі 114,4 млрд кВт сағ немесе 2020 жылдың көлеміне 105,89% құрады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша өндіру құрылымындағы отын түрлері бойынша генерациялайтын көздердің үлесі мынадай: көмірде - 69%; газбен – 20%; гидроэлектр станциялары (шағын ГЭС-сіз) – 7,4%; ЖЭК (КЭС, ЖЭС, шағын ГЭС, БГҚ) – 3,6%», – деді энергетика министрі.

Расында, электр тапшылығының алдын алу үшін саладағы жүйені оңтайландыру маңызды. Соның бірі – электр энергетика өндірісінің өңірлерге бөліну ахуалы. Себебі электр энергиясын көп тұтынатын өңірлерде электр стансасы аз, даму процесі баяу жүріп жатқан солтүстік өңірде электр стансасы көп. Нақтырақ айтсақ, Қазақстандағы электр энергетика өндірісі басымдықты солтүстік, батыс және оңтүстік өңірлерге берген. Елдегі электр энергетика өндірісінің 79,2%-ы солтүстік аймаққа, 10,8%-ы батыс аймаққа, 10%-ы оңтүстік аймаққа тиесілі. Жылу электр энергиясы қазақстандық энергетикалық жүйеде басым орынды ұстап, оның ішінде көмір энергиясымен электр өндіру 75%, табиғи газбен өндіру 10,1%, мазутпен өндіру 4,9%, ал гидроэнергетиканың ұстайтын бөлігі 9%-ды құрайды. Мұның өзі жүйені қайта қарауға итермелейтіндей.

## ЦИФРЛЫ МАЙНИНГ – ТАСАДАҒЫ ҚАУІП

Жалпы электр тапшлылығының көлеңкелі тұсы – цифрлы майнинг. Олай дейтініміз, криптовалюта өндіру – ауқымды энергияны қажет ететін процесс. Қандай да бір цифрлық валюта түрінде табыс алу мақсатында қосылған жабдық тәулік бойы жұмыс істейді. Бұл ретте жабдықтың жекелеген модельдері шамамен 2,5 – 3 кВт/сағ. тұтынады.

Бұл – бір жабдықтың айлық тұтынуына тең, яғни үш бөлмелі пәтердің тұтынуынан 8 есе артық. Жақында сала министрінің өзі электр тапшылығының бір ұшы майнинг субъектілерінің қызметіне қатысты болуы мүмкін екенін айқан болатын.

«Энергетика министрлігі электр энергетикасы саласындағы кейбір нормативтік құқықтық актілерге түзетулер енгізді. 2022 жылғы 8 ақпанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысы барысында Мемлекет басшысы Цифрлық майнингтің заңсыз жұмыс істейтін субъектілерін анықтау және оларға қатысты тексеру іс-шараларын жүргізу бойынша шаралар қабылдауды тапсырған болатын. Қазіргі уақытта мүдделі мемлекеттік және құқық қорғау органдары электр энергиясы нарығын «көлеңкелі» цифрлық майнинг субъектілерінен тазартуға бағытталған тиісті іс-шараларды жүзеге асыруда», – деді энергетика министрі.

Аталған уәж орынсыз емес секілді. Себебі Қытай нарығындағы майнинг компаниялар елге келгелі, Қазақстан майнинг саласында әлемдік көшбасшы қатарында.

Тиімділік пен пайда тұрғысын дөп басу қиын, алайды әзірге нәтиже осы.

## АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ МӘСЕЛЕГЕ НҮКТЕ ҚОЯ АЛА МА?

Қоғамда қызу талқы тудырған атом электр стансасын салу бастамасы саладағы соңғы жаңалық санатында екені даусыз. Чернобыль апатының куәсі болған қоғам үшін мұндай реакция заңды екені белгілі, алайда энергетикалық тәуелсіздік үшін бастаманың берері мол. Элект қуаты үшін көрші елге жалтақтамау, қуаттылығы мен мөлшерін бекіту секілді артықшылықтар атом энергетикасының бағасын арттыра түседі. Оған қоса, дамыған елдердің бәрінде дерлік атом электр стансасы барын назарда ұстаған жөн. Содан болар билік аталған шешімнің дұрыстығын халыққа насихаттауда.

Президент Ресейде өткен Шығыс экономика форумының пленарлық отырысында Қазақстан үшін атом электр стансасының маңызын тап өткен еді. Тиімділік пен артықшылықты айта келе аталған шешімнің ел дамуына септесерін үндеді. Белсенділердің кейінгі аргументі де ақылға қонымды.

Қазақстанның жасыл энергетиканы қолдайтынын әлемге айтып келе жатқанымызға қанша жыл?!. Түрлі форумдарды қоспағанда, EXPO-ның басты тақырыбы да баламалы энергияға айналды емес пе? Себебі экологиялық зияны аз, қуаттылығы мол энергетика бағыты ғаламдық сұанысқа енгелі көп уақыт болды. Осы аралықта Қазақстан атом энергетикасының техникалық және экономикалық талаптарына жауап беретін дәрежеге жетті. Мысалы, атом энергетикасының «жүрегі» – мемлекет уран өндірісінде алдыңғы қатардан көрінді. Бұл саладағы бізде тәжірибе де аз емес. Тіпті Ақтауда электр энергиясын өндіруге, тұрғын үйлерді жылытуға және теңіз суын тұщытуға қолданып келген ядролық реактор ауқымды мақсаттағы алғашқы қадам болды. Яғни, бұл технология Қазақстан үшін жаңа сала емес дегенді білдіреді.

Тағы бір мысал ретінде, өткен жылы Үлбі металлургия зауытының базасында Қытайдың атом электр стансасы үшін дайын ядролық отын шығаратын зауыт ашылуын айтуға болады. Бұл – атом энергетикасында жиған тәжірибенің жемісі. Демек, атом энергетикасы саласыда шикізатқа ие мемлекеттің өз өндірісі болмауы абсурд емесс пе? Содан болар, Үкімет аталған мәселені күн тәртібінен түсірген емес. Ресейге салынған санкция салдарынан жоба кешеуілдегенімен, жуырда бастау алары анық.

Кадрлық әлеует те жетерлік. Бүгінде Қазақстанның атом өнеркәсібі мен ғылымы саласында 24 000-ға жуық адам еңбек етуде. Соңғы 10 жылда елдегі жоғары оқу орындарында ядролық және техникалық физика бағыттары бойынша 3000-ге жуық кадр даярланған екен. Бұл аз көрсетікіш емес екені даусыз. Оған қоса жақында Ресей мен Қазақстан арасында жаңа келісім күшіне еніп, еліміз ресейлік жоғары оқу орындарында аталған саланың кадрын даярлауға мүмкіндік алды.

Жалпы әлемдік экология, болашақтағы электр энергиясының тапшылығын қаперге алсақ, АЭС салу тиімді шешім екеніне күмән жоқ. Оған қоса, табиғи уран көлемі, ядролық отын компоненттерін өндіру мен уранды изотопты байыту бойынша жұмыстар салаға салқын қарауды талап етуде.



## СЫР БОЙЫНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКА

Сыр бойында энергетика саласына қатысты жаңалық көп. Мәселен, жылу-электр орталығын салу, күн электр стансаларының санын арттыру, газбен қамту секілді бастамалар саланың ілгерілеті жолындағы негізгі қадам саналады. Жақында Қызылорда облысына арнайы сапармен келген Энергетика министрі Болат Ақшолақов та атқарылған жұмыстармен танысып, алдағы жобалармен бөліскен еді. Солардың қатарында Қызылорда қаласында 2025 жылға дейін электр қуаты 240 МВт болатын бу-газ қондырғысын салу жобасы ерекше назарға ілікті.

Министрдің айтуынша, кейінгі 3 жылға жүргізілген талдау бойынша жылу-электр орталығын жөндеу науқанына қаражат біркелкі бөлінбеген. Мысалы, 2019 жылы Қызылорда жылу-электр орталығында негізгі жабдықтарға күрделі жөндеу жүргізілмеген екен. 2020 жылы жөндеуге бөлінген қаржы 1,4 млрд теңгені құраса, өткен жылы 50 процентке төмендеген.

«Биылғы шілде айында Қызылорда облысында электр қуаты 240 МВт болатын бу-газ қондырғысын салуды көздейтін жоба бойынша инвесторларды іріктеу жоспарлануда. Ол аукциондық сауда-саттықты өткізудің бекітілген графигіне сәйкес жүргізіледі. Оны іске асырудың болжамды құны 215,1 млрд теңгені құрайды. Пайдалануға берудің болжамды мерзімі - 2025 жыл. Осы жобаны іске асыру 700 млн кВт көлеміндегі қазіргі тапшылықты жабуға мүмкіндік береді», – деді министр.

Бүгінде Сыр бойында 9 күн электр станса жұмыс істеп тұр. Экологиялық тұрғыда тиімді жобаның жалғасы да бар. Министрлік жыл сайын жаңартылатын энергия көздері жобаларын іріктеу бойынша аукциондар өткізуде. Биыл да аукциондық сауда-саттыққа Жаңақорған, Шиелі және Арал аудандарында 20 МВт-тан күн электр станциясының 3 лоты жоспарланған көрінеді.

Әрине, салада кемшілік жоқ емес. Елдегі энергетикалық кәсіпорындарының мәселесі бір. Қызылорда облысында да негізгі олқылық – жабдықтың тозуы, Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендеуі, материалдар мен жабдықтар қымбаттауы. Мысалы, Қызылорда қаласындағы орталықтандырылған жылумен жабдықтау мекемелерінде 20 аудандық қазандық жылу энергиясын береді. Сол стансаның негізгі жабдықтарының 82 проценті тозған. Ал облыстағы «Қызылорда» Өңірлік электр желілік компаниясында» 10 056 км кабель және әуе электр беру желілері арқылы жұмыс істейді. Мұнда электр желілерінің 69 проценті ескірген.

Министрдің облысқа сапары кезінде аймақ тұрғындары естіген тағы бір оң хабар – газдандыру. Министр өткен жылы Қызылорда облысын газдандыру бағытында 4 жоба жүзеге асқанын айта келе, биыл тағы 3 жоба аяқталғанын жеткізді. Олар – Қазалы қаласы, Жалағаш кенті және Шиелі ауданындағы Бекежанов елді мекенін газдандыру ісі. Ал 2022 жылы 1 жоба жалғасын тауып, жаңа 6 жобаны қаржыландыру үшін қаржы бөлінбек.

**P.S.** Энергетикалық тәуелсіздік – экономикалық тұрақтылық көзі ғана емес, дамудың бастауы. Кәсіпкерліктің тоқтаусыз өрістеуі, өндірістің кедергісіз да электр қуатының маңызы зор. Ал қажетті ресурсының тең жартысы көршіге тәуелді ел қашан да экономикалық еркіндікті толық сезінген емес. Сол себепті саладағы өзгерісті бастап, жаңа жобаларға ұмтылу өзекті тақырып болып қала берері сөзсіз.

**Ерген ЯКУДАЕВ**



# МУЛЬТФИЛЬМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Анимация 20-ғасырдың басында инновацияға айналды және бүгінгі күнге дейін қарқынды дамып келеді. Қазіргі мультфильмдер өткен ғасырдағыдан айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл тек инновациялық анимация технологияларында ғана емес, сюжеттік желілерде, заманауи мультфильм кейіпкерлерінің келбеті мен музыкалық дизайнында да көрінеді. Өткен ғасырдағы мультфильмдер, әсіресе кеңестік мультфильмдер негізінен халықтық және авторлық ертегілерге бейімделген. Мұндай мультфильмдердің музыкалық өңделуі («Золушка» 1979 ж. «Щелкунчик» 1973 ж., «Ну погоди!» 1969 жылдан 1994 жылға дейін және т.б.) көп жағдайда атақты композиторлардың классикалық музыкасы болды.

Ата-аналар балаларын мультфильмдермен ерте таныстырады. Жұмысқа орналасу және өз балаларын өсіргісі келмеуі салдарынан ата-аналар баласына күніне 1-3 сағат мультфильм көруге рұқсат береді. Балалар мультфильмдерді онлайн, теледидардан көреді. Айта кету керек, «Карусель», «Детский мир», «Дисней», «2х2» сияқты танымал балалар телеарналары негізінен бала үшін ешбір құнды емес, қазіргі заманғы ресейлік, жапондық және американдық мультфильмдерді көрсетеді. Жүріс-тұрысында, сөйлеуінде теріс көрініс тапқан. Әр елдің мінез-құлық мәдениетінің өзіндік стандарттары бар, соған сәйкес бала тәрбиесі құрылады. Мультфильм белгілі бір дәрежеде балалардың қабылдайтын мінез-құлық формаларын көрсетеді. Қазіргі американдық Дисней мультфильмдері балаларға біздің елге тән емес мінез-құлық стандарттарын ұсынады. Сондай-ақ, қазіргі заманғы мультфильмдердің көпшілігі қатыгездік, жалқаулық, өзімшілдікпен сипатталатын мінез-құлық үлгісін көрсетеді («Маша мен аю», «Игорь», «Барбоскиндер»).

Қазіргі мультфильмдерде кейіпкерлердің қате, кейде тіпті әдепсіз мінез-құлқы жазаланбайды (мысалы, «Том мен Джерри»; «Губка Боб») және сәйкесінше, бала мұндай мінез-құлықты көшіреді. Нәтижесінде баланың санасында нақты өмірде осындай мінез-құлық нысандарының рұқсат етілгендігі туралы идея бекітіледі (балалар үй жануарларын ұрады, басқа адамға заттарды лақтырады және т.б.), өйткені бала жақсы істі ажырата алмайды.

Мультфильм кейіпкерлері балаға сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасаудың әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. Олар нәрестенің жақсылық пен жамандық, жақсы және жаман мінез-құлық стандарттары туралы негізгі идеяларын қалыптастырады. Өзін сүйікті кейіпкерлерімен салыстыра отырып, бала өзін қабылдауға, қиындықтарды жеңуге, басқаларға құрметпен қарауға үйрене алады. Демек, мультфильм – баланы тәрбиелеудің тиімді құралы.

**Сағыныш ӘЛАЙДАРОВА**



**Мультфильмдерді барлық жастағы балалардың жақсы көруі кездейсоқ емес. Жарқын, әсерлі, фантастикалық бір жағынан, қарапайым, көзге көрінбейтін, қолжетімді - екінші жағынан, олар өздерінің дамытушы, тәрбиелік мүмкіндіктерімен ертегіге, ойынға, тірі адамдық қарым-қатынасқа жақын.**

# Дорама мен драма бір емес

**ХХІ ғасырдың аса танымал кино бағытының бірі – дорама. Жарты әлемді жаулаған корей киноиндустриясы жастардың танымында алғашқы орында тұр десек, артық емес. Оған себеп бұл бағыттағы туындылардың әдемі сахналары, миға ауыр салмақ салмайтын, тиісінше мағыналы, жеңіл контенті секілді.**



Дорама корей мәдениетімен бірге ел экономикасының да ажырамас бөлігі, ерекшелігі. Бұл жанр жапон комиксі манганың экранизациясы ретінде алғаш рет Жапония мемлекетінде көпшілікке ұсынылған. Жапондықтар ағылшынның «драма» сөзін қызық мәнерде айтып, нәтижесінде «дорама» сөзі пайда болыпты. Ал бүгін жалпылама Азия телесериалдарының қай қайсысы да дорама аталып жүр.

Біраз танымал дорама манга, манхва (корейлік комикс), вебтун негізінде түсіріледі. Мысалы, «Жігіттің сабаздары» дорамасы жапон жазушысы Йоко Камоның мангасы негізінде түсірілген. Ал әйгілі «Ыстық ұя» сериалына Вон Су Ённың манхвасы себепкер болыпты. Цифрлық комикс саналатын вебтундарға да түсірілген дорамалар саны аз емес.

Дорамалардағы ең танымал мотив – романтика, яғни, махаббат тақырыбы. Орташа ұзақтығы 10-35 серия. Бір серия ең ұзақ дегенде тек бір сағат шамасында уақыт алады. Дорамада күнделікті өмірде кездесетін оқиғалардан бөлек фантастикалық жайттар да беріледі. Алайда әдетте корейліктер сериалдың жалғасын түсірмейді. Егер көпшіліктің сұранысына ие болып, аудитория мен маркетинг жайы мүмкіндік берсе ғана жалғасы түсіріледі.Бұл индустрияда сирек кездеседі. Айта кетейік, голливуд фильмдерінде ғашықтар алғашқы кездесуде-ақ сүйісіп, ашық көрсетілетін болса, дорамада қыз бен жігіттің бір-бірінің қолынан ұстайтын сахнасының өзі тағатты тауысып, бірнеше кездесуден кейін ғана орын алады. Яғни дораманың осындай ерекшелігі оны жасөспірімдердің, отбасының түгел жиналып, қысылмай қарауына мүмкіндік сыйлайды. Орта Азияның консервативті мемлекеттерін дорама жанры осынысымен баурайды.

Көпке ұнайтын, әсер сыйлаған, танымал дорамалар тізімнің басында «Гоблин» туындысы тұр. Сюжет бойынша 900 жыл бойы тірі жүрген ажалсыз демон Токкэби кеудесіндегі қылышы алынғанда ғана о дүниеге аттана алады. Бір күні Токкэби өзін демонның қалыңдығымын деп санайтын жоғары мектеп оқушысы Ын Такты жолықтырады. Жайбарақат өлудің оңай шешімі табылғандай көрінеді. Дорама жүрек пен миға салмақ салар тақырыптарды көтереді: өмір мен өлім, шынайы махаббат, қалтқысыз достық. Бұл тақырыптар адамзат үшін мыңжылдықтардан бері қозғалып келе жатқанымен, мәдениеттің маңызды бөлігі іспетті. Себебі күнделікті тіршілік тынысымен біз байқай бермейтін, кішкентай бірақ жылы сәттер, жүрекке жылу сыйлайтын мейірім осындай туындылар арқылы санамызда қайта гүлдеп, өмірге ғашық болуға, мейірімге шақырады. Өнердің міндеті де осы болса керек.

**Жақсыгүл ОРАЗАЛИЕВА**

# ТӨРТІНШІ БИЛІК ТІЗГІНІ КІМДЕ?

**Бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Бүгінгі жасаған қадамдарымыз бен мақсаттарымыз болашағымызбен тығыз байланысты. Кемел келешекке ұмтылыспен тарих бетіне із қалдыру ұрпаққа өнеге берумен тең. «Армансыз адам қанатсыз құс» дегендей, әрбір адам балалықпен қиял әлеміне бір емес бірнеше рет бет бұрып, саяхаттайтыны анық. Осындай тәтті әлемнің бір аралында мекендеп қалған бала күнгі арманым бүгінде мақсат пен жоспарға, шындыққа айналды.**

Ия, көпке таңсық бұл арал менің жай ғана қиялым еді. Өзім құрған ғажайып әлем менің жан-дүниемнің көрінісі болатын. Бөлмемнің төрінде тұрған «Арман картасы» көптің назарын өзіне аударумен болды. Теледидардан хабарламаларды көргенде, көз жұмып тележүргізушінің орнында өзімді елестетіп, ақ парақ бетіне сол сәттің суретін салатынмын. Осындай ғажап қиялдың шеңберінде бүгінгі таңда сол мамандықта дәріс алудамын. Мендегі жүрек пен сананың қалауы – журналистика.

Журналист – қоғамның қозғаушы күші, ақпарат ағынының бастауы, халық жанашыры. Осындай жауапкершілік жүгі мол саланы меңгеру үшін батырлық та, батылдық та керек. «Журналистиканың қай саласын таңдауға болады? Ертең жұмыссыз қалмаймын ба? Біздің нарықта журналист мамандығына сұраныс қаншалықты?» деп сұрайды көбісі. Ал кейбір түлектер «Менің арманым – диктор болу» дейді. Мені осы жағдай алаңдатады. Диктор болу деген – «дайын асқа тік қасық болу» емес пе?! Менің жастарға әрдайым айтарым – дикторлық, тележүргізушілік уақытша ғана.

Заманның талабы сол – қазіргі нарыққа редактор-жүргізушілер керек. Яғни, эфирге шыққан кезде тек дайын мәтінді оқып қоймай, сол журналистің мәтінін әрі қарай дамытып, түзеп, ой қосып, халыққа сенімді түрде нықтап жеткізуді ойласа деймін. Тележурналистиканың барлық баспалдағынан өткен кезде сен нағыз маманға айналасың. Нағыз маманға айналған кезде халық мойындайды. Әмбебап болу – қоғам талабы. Бүгінгі журналист жүргізуші, редактор, монтаж маманы, керек кезде режиссер, тіпті, таспагер де болу керек!» дейді журналист Мейіржан Әлібекұлы. Яғни, сөз еркіндігі орнаған қазіргі қоғамда журналист әмбебап болуға міндетті.

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Бұған бірден бір дәлел елімізде орын алған қаралы қаңтар оқиғасы кезіндегі БАҚ ештеңеге қарамастан, қиындыққа төтеп беріп, үрейлерін жеңіп, халыққа жаңалықтарды, дұрыс ақпаратты дер кезінде жеткізуге тырысты.

Бір ауыз сөз қасіретті тияды,
Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды.
Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,
Бір ауыз сөз жаман атқа қияды.
Бір ауыз сөз жан тетігін табады,
Бір ауыз сөз мың әуреге салады.
Қимас жандар көз жұмарда қоштасып,
Бір-ақ ауыз сөз айтысып қалады! – деп

Роман Бұрқаш айтқандай бір ауыз сөздің құдыреті бүкіл ғұмырға татитын болса, журналистің ақпаратты сапалы, дұрыс, жылдам жеткізе білуі де осындай маңызға ие. Себебі «төртінші билік» саналатын ақпарат саласының негізгі кейіпкерлері журналистиканың тізгінін ұстағандар ғой...

**Ақмарал САРТОВА**



# БІР ҒАСЫРДА БІР ТУАР

**Миллиардтан асып кеткен Қытай халқы өздерінің ұлы ғұламасы Конфуцийдің бір өсиетін де жоғалтпай, елінің ұлттық саяси ұстанымы етіп, әлі күнге дейін құнын биіктетіп келеді. Егемендіктің көк байрағы желбіреген өз елімізде де ғұлама ақын, философ әрі психолог Абай тағылымдарын ұлттық идеологияның тірегіне айналдыра білсе, артық болмас еді.**

«Толық адам» туралы ой-толғау маған үлкен әсерін қалдырды. «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады» деген нақыл сөзін әрдайым жадымда ұстаймын. Абай өмірі халық өмірімен тығыз сабақтас. Біздің заманда да билікті халық үшін таңдайтын Абайға ұқсаған тұлғалар көптеу болса, онда қазір руханият, экономиканың даму жағдайы мүлдем бөлек болар ма еді...

Өмірін «Қалың елім, қазағым» деп халыққа арнап, мыңмен жалғыз алысты. Тәуелсіз заманның мықты драматург-жазушысы ретінде мойындалып үлгерген Рахымжан Отарбаев «Абай: сот» пьесасын жазған еді. Құнын түсінгенге қымбат дүние. Оқып отырсам, драматург жастардың жағдайын, рухани мүгедектігін көріп қатты қиналғанын Абайдың өкініші ретінде көрсеткен. Шығармадағы «Өнерді үйреттім өңшең жасқа. Көлеңкесін көріп, ерсініп жүрген немелер сөздің сұйығына әуес, әуеннің даңғазасына құмар. Ақылы кем, жігері жұқана, уайымы жоқ пендеге өнер үйірсектейтін бе еді, тәйірі. Қай ғасырдың белесінде жүрсеңдер де, «қайран елім, қазағым» деген даусымды естіп жүрерсіңдер» деген ақын сөзі естелікке айналып кеткен.

Қазақ әдебиетінде шоқтығы биік тұлға – Абай Құнанбаев мұраларын қай қырынан толғасаң да таусылмайтын тақырып. Қазақтың мақтанышына айналып, бағына біткен осы тұлғаның 175 жылдық мерейтойы республика көлемінде аталып өтуде. Қарапайым ғана дәлел – әлеуметтік желіде Абай шығармашылығына арналған эстафеталар кең көлемде бірінен кейін бірі жалғасын тауып, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» сынды үйлесімін тапқан ән мен өлең құдіреті насихатталды.

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол – ақынның білімсіз бейшарасы» дегендей ой тазалығы ақын үшін басты орында тұрғанын аңғартса, «Қисынымен қызықты болмаса сөз» деп жүрек пен ой тазалығына үндейді. Жүрек таза болса, әдемі ойлар шығады. Өлеңнің қисынын келтіретін, ғұмырын ұзартатын маңызды ойлар «жылы жүректі» адамнан шығатынына сенемін. Қос ғасырдың тоғысар тұсында заман тынысын, ұлт тұрмысының осал тұстары, кемшіліктерін Абайдай көре білген, біртуар тұлғадай таныған жан кемде-кем.

Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз...

Ғылымсыз, білімсіз ешнәрсеге де қол жетпейді, онсыз мәдениетті адам боламын деу де құр әурешілік. Диплом алу үшін ғана оқитын, грант үшін оқуға түсетін, мамандығымен жұмыс істемейтін қазіргі жастарға айтылғандай. Қоғамда әр адам өзінің жақсы көретін ісімен айналысып, кәсіби біліктілігін арттырса, қазақтан асқан бай ұлт, бақытты қоғам болмас еді...

**Үміт БАЙТАСОВА**

**Бұрынғы заманда қыдыр, бақ, ақыл үшеуі кездесіп қалып, ерегісе кетеді. Үшеуі ерегісіп отырып әрқайсысы өз күшін көрсетпекші болады. Қыдыр, бақ пен ақылды ертіп алып, бір жер айдап жатқан егінші адамға барады. Сонда егіншінің айдаған жерінен төңкеріліп кесектердің бәрі алтын болып кетіпті.**

# ҚЫДЫР, БАҚ ЖӘНЕ АҚЫЛ



Егінші біраздан кейін шөлдепті. Анадай жерде бір топ керуен түсіп жатыр екен, солардан су ішіп келуге барады. Барарда Керуеннің иті иті қауып алар деп қолына бір кесек алтын ала барыпты. Керуеншілерге барып, су сұрапты. Керуеншілер су беріпті.Суды ішіп алып, анадай жерде өзіне қарап үріп жатқан итке қолындағы бір кесегін атып жіберіпті. Керуеншілер алтынды лақтырып жіберуі қалай деп ойлады. Бір керуенші – бұл бір мүсәпір адам алтын екенін білмес деп егіншінің қолындағы алтынды сұрапты. Егінші: «Мә, керек болса, Тағы алтын керек болса, бәрің жүріңдер, мен сендерге қанша керек болса сонша берейін», – депті.

Керуеншілер еріп барып қараса, егіншінің айдаған жері бәрі алтын екен. Олар барлық жүгін далаға тастап, түйелеріне алтынды тиеп алыпты. Бәрі егіншіні бұл қасиетті адам шығар деп өздерімен бірге елдеріне ала келіпті. Бұл хабар елден елге тарап ханға да жетіпті. Алтынды естіген соң хан қарап отырсың ба? Қасына көп жора-жолдас, нөкерлерін ертіп алтынды әкелуге шықпақшы болады. Хан алтынға баруға жиналып жатқанда «Ел шетіне жау келеді» деген суық хабар естіледі.

Хан жалма-жан жасауылдарын жіберіпті. Шахарда неше адам болса да бірі қалмастан, қолдарына қару алып атқа мінсін. Қаланың бір шетіне жау тиді, соған аттансын деп бұйырды. Әрине, ханның әмірі екеу болмайды. Жұрттың бәрі де бір-бір атқа мініп, қолдарына қару алып, жауға аттанады. Бұлармен бірге баяғы егінші да шығады.

Бәрі бірдей жауға қарап ат қояды. Сонда егінші келе жатқан жаудан қорқып, алдында бір үлкен терек бар екен, соған тығылып қалып қойғысы келіп, жабыса бергенде, егіншіге бақ қонған екен, терек түбімен қопарылып, оның қолына келеді. Бірнеше мың теректі көтеріп келе жатқан мұны көрген жаудың зәресі ұшады. Жан-жаққа қашып кетеді. Жау кеткен соң жұрттың бәрі үйлеріне қайтады. Хан жұрттан «жауды кім жеңді?» деп сұрайды. Сонда бір адам «Керуеннен бір адам келіп еді, сол жеңді дейді. Хан егіншіні шақыртып алып, қырық күн той, отыз күн ойын жасап, қызын егіншіге береді. Кешке жеңгелері ханның қызын егіншінің жанына алып келеді. Егінші ханның қызына жоламайды. Ханның қызы ашуланып «Бұл мені менсінбей жүр» деп жеңгелеріне айтады.

Жеңгелері «Неге менсінбесін? Өзің жоламайтын шығарсың?» дейді. Ол күні күйеуінің қасына қыз тағы келеді. Егінші етігін шешейін деп жатқанда ханның қызы барып, оның етігін шешпекші болып, отыра берген екен, ол ханның қызын бір теуіп, тісін сындырады. Ханның қызы жылап әкесіне барады. Хан қызын көріп ашуланып, егіншіні темір торға отырғызыңдар деп бұйрық береді. Жендеттер оны темір торға апарған кезде қыдыр мен бақтың бұған шамасы келмейтінін сезген ақыл егіншінің басына кіреді.

Егіншіге ақыл кірген соң, оң жақ, сол жағына қараса, өзін жендеттердің темір торға қамайтынын біледі. «Ау, бұларың қалай?», – деп жендеттерден сұрайды. «Ханымыз сені темір торға қамауды бұйырды. Біз сені темір торға қамаймыз», – дейді жендеттер. Сонда ол тұрып «Мені ханға алып барыңдар», – дейді. Жендеттер сөзін тыңдап, оны қайтадан ханның алдына апарады. Сонда хан айтыпты «Не айтасың?» деп одан сұрайды. Мен сіздің қызыңыздың қасына жоламағанымның себебі қызыңыз сіздің даңқыңызбен өскен соң арам еті кетсін деп жүрдім. Тісін сындырғаным – бойын таза тұтпай, сол уақытта шыққан тіс екен, – дейді егінші.

Хан оның ақылына риза болып оны өлімнен босатып, қызын қайтадан береді. Сөйтіп қыдыр мен бақтан ақылдың күші басым болып шығады. Оған ақыл кіріп, ол мұрат-мақсатына жетеді. Кейіннен егінші мен ханның қызы балалы болады, біреуі ұл ал біреуі қыз болады. Бір кезде тағы жау шапты деген хабар келеді. Сонда егіншінің басына ақыл қонып, жауға шығады. Соғыс бес, алты айдан кейін аяқталады. Сонда соғыстан жауынгерлер келіп егінші өлді деп, ханның қызына хабар барады. Сонда қызы жылап бір айдан кейін есін жинап, соғыстан келген жауынгерлердің біреуіне қосылуды шешеді. Өйткені балалар әкесіз қалмау үшін қам жасайды. Ал егінші болса соғыста жарақат алып, ем қабылдайды. Ал сонда соғыстан келген жауынгерлер оны өліп қалған шығар деп ойлайды. Сонда ханның қызы той жасап бір жауынгерге үйленеді. Бір жылдан кейін егінші ханның қызын және балаларын көруге барады. Сонда бала қарап жатқан ханның қызы күйеуін көріп таңқалады. Ол кезде егінші мен ханның қызының балдары төрт-бес жасқа толып қалған кез еді.

Сосын сол үйде ұрыс болады, ұрыс болып қалғанын ханның құлағына да жетеді. Хан жауынгер мен егіншіні сөйлесуге шақырады. Екеуі ұрыспайды. Өйткені жауынгердің кінәсі бар. Себебі ол өлдіме, өлген жоқпа оны дұрыс қарамаған және де ханның қызы да күйеуін іздемей жауынгердің сөзіне сеніп қалып бірден тұрмысқа шықты. Сонымен ханға бәрін баяндап жеткізеді. Сонда егіншінің басына бақ қонып, ханға былай деп жеткізеді. Қызды ренжітпей-ақ қояйын, бірақ оған ауыз ашпаймын деп келіседі.

Сонда ханның қызы бұл шешімді қабылдайды. Бірақ ол бір жыл сөйлеспеуге шыдай алмас еді. Бір жыл өткен соң егінші сөйлесе бастайды. Ханның қызы өз кінәсін түсінеді. Сонда ханның қызы былай дейді күйеуіне. «Мені кешір, мен өз қателігімді түсіндім. Сен мені және балаларымды ойлап маған оңай шешімді қабылдадың. Ханның өзі де бұл шешімді дұрыс санап, егіншіні өз баласындай көріп қуанады. Кейін елінде аштық болады. Егіншінің басына ақыл қонып, барын аштыққа ұшыраған отбасыларға және құлдарға беріп отырады. Аштық тек қана бес, алты ай ғана болады. Себебі адамдарды аштықтан егінші аман сақтап отырады. Аштық біткен соң хан егіншіге өзінің орнын береді. Өйткені оның көңілін түсінеді. Сүйтіп егінші хан болып, аман-есен өмір сүреді. Бұл ертегіні қорытындылай келгенде адам баласына өмірде қыдыр, бақ және ақыл керек екен. Бұлар адамда болмаса өзіне өте қиын.

**Аружан ТҰРҒЫНБАЕВА,**
**№212 мектеп-гимназиясының оқушысы**

# ҚЫҢЫР ТЕЛЕФОН

**Адам баласының озық ойлы, дамыған заманының бір күнінде телефон мен кітап өмір сүріпті. Олардың иелері бір болса да екеуі, бірін-бірі үнемі жақтырмай жүреді екен.**



Бір күні олардың қожайындары алыс сапарға шықпақ болады. Қожайын жиналып жатып үстел үстіндегі телефонды сөмкесіне салып қояды. Мұны байқаған кітап сөреден қарғып түсіп, қожайынның алдына құлайды. Сонда адам «Мына кітапты да ала кетейін» дегендей жерден көтеріп, сөмкеге сүңгітіп жібереді.

Сөмке іші лық толы. Ыстыққа шыдамаған телефон кітапқа ызалана:

– Әй, жапырақ, сен қайдан ғана келдің? Шаң басқан орнында тыныш жата бермеймісің? Сарғайған парақтарың көп орынды алып тұрғанын қарашы! Сен ешқайда бармайсың! – деп зекіді.

Кітап та оған қарсы шығып:

– Сенің пайдаң бар ма өзі? Пайдаңнан зияның көп! Адамдарды өзіңе тәуелді етіп, миларын улап жатырсың. Сенің керегің шамалы. Мен емес, сен қаласың! –деп шаң болған мұқабасын қағып жіберді. Осылай екеуі дауласып тұрғанда қожайыны келіп, сөмкесін ұстап үйден шығып кетті.

Теміржол бекеті. Айналада адамның көптігі сонша қозғалу қиындап кетті. Қожайынның жүруіне сөмке кедергі болғандықтан, ол оны чемоданына іліп қойды. Кенет қатты жылдамдықпен қозғала бергенде сөмке тұрған жерінен сырғып түсіп қалады. Бұл не болды дегендей телефон мен кітап үрейлене сөмкеден шығып айналасына қараса, адамдардың арлы-берлі өткен үлкен аяқтары зәресін алады. Сол сәтте кітап телефонды жетектей таса жерге жүгіре жөнеліпті. Болған жағдайға ызаланған телефон қыза түсіп:

– Осының бәріне тек сен кінәлісің. Сенің ауыр салмағыңнан сөмке құламағанда қожайынның қасында болар едім, – деп кітапқа бас салады. Телефонның ашуынан арасындағы кикілжің үдей түсіп, кітаптың бір парағын жыртып жібереді. Өзін қорғамақ болған кітап телефонды итеріп жіберген кезде телефонның да бір бұрышы сынып кетеді. Осылайша өзіне сенімді болған телефонның қуаты бітіп, өшіп қалады.

Кітап не істерін білмей өкініп отырғанда жыртылған парағына көзі түседі. Парақ бетінде осы қаланың сызылған картасы мен қаламсаппен жазылған үйдің мекен-жайын көреді. Кітап қуанып, «осы менің үйім болар» деген ойға келеді. Телефонды өзімен бірге ала жүріп, әне- міне дегенше үйге жетеді.

Расында, бұл қожайынның үйі екен. Үй есігі жабық болса да, ақылды кітап амалын тауып бір қуыстан ішке кіреді. Жалма-жан телефонды қуаттағышқа қойып, оның қосылуын күткен. Қосылған телефон кітаптан болған жағдай үшін кешірім сұрап:

– Мен сені ұнатпай жүретін едім. Шынында пайдаң зор екен, сен мені арамыздағы болған араздыққа қарамастан құтқарып қалдың, – деп кітапты құшақтайды. Осы күннен бастап екеуі ажырамас досқа айналып, тату өмір сүріпті.

**Дана ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ,**
**Б.Ермекбаев атындағы №271 орта мектебінің оқушысы**

# МЫҚТЫБЕКТІҢ МЫҚТЫЛЫҒЫ

**Бүгін күн тағы ыстық болатын секілді. Мықтыбек ұйқыдан ерте тұрып,аулаға су сеуіп, қорадағы тірліктеріне кірісті. Күндегі әдетімен гүлдерге су құйды, қоқыстарды жинады, Ақтабанға тамағын берді. Аздап қолы босаған сәтте ұялы телефонын алып әр түрлі жаңалықтарды қарай бастады. Кей елдерде соғыс, атыс, шабыс, жылаған аналар мен балалар... Неткен сұмдық?! Осы кезде Мықтыбектің ойына егер мен батыр болсам деген қиял ұялады...**



Мықтыбек – сұңғақ бойлы, ірі денелі, мықты әскери қызметкер. Әскери қызметте жүргеніне де 10 шақты жылдың жүзі болған. Ол тек өз елінде, Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемге ерекше қасиеттерімен танымал болып үлгерген.

Бүгін де таңертең оның дыбыс қабылдағыш құралына ерекше дабыл келді. Дереу құрылғының тетігін басса, көршілес елдердің біріне зұлым күштердің басып кіргені, аспанды қаратүнек басып, халықты үрей билегені жөнінде хабар келіп түсіпті. Әп сәтте барлық қару-жарағын, арнайы сауыт-сайманын тағынып, алтын түстес дулығасын киіп, күміс белдігінің тетігін басып қалғанда зымырандай ұшып өзіне қажетті нүктеге дөп түсті.

Айнала тас қараңғы. Қыбырлаған жан жоқ. Құдды бір тіршілік жоқ қалаға келгендей. Тірі жанның бәрі жан сауғалып тығылып қалыпты. Мықтыбек жау көзіне түспес үшін өзінің жылтыр шапанын жамылды, оның ғажабы – Мықтыбек ғайыпқа айналады. Айналасын барлап қараса, елді үрейде ұстап отырған арам пиғылды жат ғаламшарлықтар екен. Өздерінің түрі де ұсқынсыз.

Едірейген көздері, қалқан құлақтары, абажадай үлкен қолдары мен аяқтары және бұдыр басқан шойындай қара беттеріне қараудың өзі жиіркенішті еді. Олардың көптігі сондай, тіпті, сан жетпейді. Мықтыбек бұларға қандай тұзақ құрсам екен деп ойланды. Кенет оның ұсақ геймер құралы есіне түсті. Оны қолына ала салып,қажет бағдарламасын ашып, зілді дауысымен әмір берді.

– Мына құбыжықтарды жүз есеге кішірейт, – деуі сол екен құрылғы іске қосылып, барлық жатғаламшарлықтар, бағанағы алып құбыжықтар, кішкентай жәндіктерге айналып шыға келді.

Бұл ретте Мықтыбек тек зұлым ғаламшарлықтарға ғана әсер ететін бағдарламаны ғана қолдануды ұмытпады. Әйтпесе қаланың тұрғындарына да зияны тиер ме еді? Кім білсін? Мықтыбек олардың барлығын бір үлкен құтыға арнайы әуен арқылы шақырып, жинап алды да, құтының аузын жауып, теңіз түбіне лақтырып жіберді. Осы сәтте күн жарқырап шығып, қала тұрғындары қалыпты өмірлеріне қайта оралды. Олар Мықтыбекке алғыстарын жаудыра бастады. Қала әміршісі барлық тұрғынды алаңға жинап,барша халықтың атынан Мықтыбектің омырауына «Қаһарман қазақ ұлы» деген төсбелгіні жарқыратып тақты. Бұл төсбелгі Мықтыбектің омырауындағы көптеген төсбелгілермен қатар қатарында жарқырай түсті.

Ол айналасына бір көз тастап, жүздерінде алғыс пен ризашылықтың белгісі бар тұрғындарды көрді. Олармен қош айтысып, өз еліне асыға қайтуға бет алды.

Туған жеріне келгенде, құс ұшса қанаты талатын, тұлпар шапса тұяғы талатын кең байтақ қазақ даласында туылғанына және де бұл елде мәңгі бейбітшілік пен татулық орнағанына кеудесін мақтаныш сезімі кернеді. Осы тәтті қиялдың жетегінде тұрып: «Мен бақытты елдің ұланымын!» – деп айқайлап жібергенін де байқамай қалды.

**Рамазан СЫРҒАБАЕВ,**
**Абай атындағы дарынды балаларға арналған мамандырылған мектеп оқушысы**

# ЕУРОПАДА ҮЗДІКПІЗ




**Австрияның Грац қаласында дзюдодан жастар арасында Европа кубогі өтті. Қазақстан жастар құрамасы аталған доданы екі алтын, екі күміс және екі қола медальмен аяқтады.**

Атап айтқанда, жастар ұлдар құрамасынан 60 келіде Нұрқанат Серікбаев, 66 келіде Нұрсұлтан Зайзағалиев жарыста қарсылас шақ келтірген жоқ. 60 келіде Мерей Марханбетов пен қыздар арасында 78 келіден жоғары салмақта белдескен Аида Тойшыбекова Еуропа кубогінің күміс жүлдесіне ие болды. Ал ұлдар арасында 81 келіде татамиге шыққан Максим Мейірлан мен қыздар арасында 63 келіде бақ сынаған Есмигүл Куюлова қоржынды қос қоламен толықтырды.

Қазақстан жастар құрамасы Австрияда өткен Еуропа кубогін жалпы командалық медаль кестесінде Жапониядан кейінгі екінші орынға тұрақтады.

Айта кетсек, Қазақстан жастар ұлдар құрамасын аға жаттықтырушылар Азамат Мұқанов мен Айбек Имашев жаттықтырса, қыздар командасын Арсен Хатип пен Нұрбек Мықтыбеков баптап барды.

# ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ



**Қостанай қаласында гір спортынан ересектер мен әйелдер арасында Қазақстан чемпионаты мәресіне жетті. Елдің үздіктері бас қосқан бәсекеде Сыр спортшылары үздіктер қатарынан көрінді.**

Атап айтсақ ересектер арасында 63 келіде Оразбек Медетбаев сынға түсіп, қола жүлдені қанжығасына басты. 95 келіде бақ сынаған Төлеген Жеңісбек Оразбектің жүлдесін қайталап, үздік үштікке енді. Ал қыздар арасындағы бәсекеде Шакиза Оразбекқызы көптің ықыласына бөленді. Ол 68 келіде өнер көрсетіп, 3 орынға ие болды.

Айта кетейік, Оразбек Медетбаев қазан айында Индияның астанасы Дели қаласында өтетін әлем чемпионатына жолдама алды.

# ЖЕРЛЕСТЕР ЖЕҢІСІ



**Ливанның Джуния қаласында Самбодан жастар мен жасөспірімдер арасында Азия чемпионатында қызылордалық саңлақтар табысты өнер көрсетті.**

Чемпионат қорытындысы бойынша Сыр спортшылары 1 алтын, 1 күміс, 1 қола медаль олжалады.Ал жасөспірімдер арасында ІІІ орынды Зарина Мұрадасыл алса, ІІ орынды Әсемай Рүстемова еншіледі. Жастар арасында І орын Шынар Абатоваға бұйырды.

**Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК**

**Қызылорда футбол мектебінен талай таланттар шықты. Олардың қатарында өзіндік ойын өрнегін салған аяқдопшылар жеткілікті. Келешегіне зор сеніммен қарайтын жас футболшылар да сол үрдісті жалғап келеді. Бүгінде жергілікті «Қайсар» клубының намысын қорғап жүрген Елжас Сарбайдың да алаңдағы ойын мәнері көпті қызықтырып жүр. Болашағы "Қайсардың" жұлдызды ойыншысына баланатын Елжаспен аз-кем әңгімелескен едік.**




**Елжас САРБАЙ,**
**«Қайсар» футбол клубының қорғаушысы:**

# АРМАНЫМЫЗ ПРЕМЬЕР ЛИГАДА ДОП ТЕБУ

**– Елжас, әңгіменің әлқиссасын туған жер, өскен ортаңнан бастасақ...**

– 1998 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келдім. №136 мектеп-лицейін тәмамдап, М.Мәметова атындағы гуманитарлық-педагогикалық колледжінде, дене шынықтыру мамандығы бойынша білім алдым. Жалпы Сырдың топырағында аунап өскен өрендердің бірімін.

**– Үлкен футболға қалай аяқ бастыңыз?**

– Әрине, әр нәрсеге адам өз қызығушылығымен бармаса, одан нәтиженің шығуы екі талай. 8 жасымда футболға әуестігім артып, жергілікті «Қайсар» командасының ойындарын үзбей бақылап, жас қолдаушының бірі болдым. 9 жасымда ауладағы достарыммен бірге футбол үйірмесіне қосылып, доп тебудің қыр-сырын үйрене бастадым. Әлі күнге дейін білікті бапкерлерден тәлім алудамын.

**– Футболға қанаттандырған бапкеріңіз кім?**

– Адамның санасында алғаш болған сәттер ұмтылмасы анық. Алғаш рет футбол үйірмесіне келгенімде бапкерлік тәжірибесі мол Қанат Райымханұлы қабылдап, үлкен футболға жол ашты. Осы бапкердің тәлім-тәрбиесінің арқасында біршама табысқа жеттім.

**– Бүгінде «Қайсар» командасының белді ойыншысының бірісіз. Бұл командаға қалай келдіңіз?**

– 2015 жылы «Қайсардың» жастар құрамына шақырту алып, сонда өнер көрсеттім. Өкінішке қарай үлкен командамыз сол жылы премьер-лигада сәтсіз ойнап, біріншілікпен қош айтысты. Жастар командасы жабылуға тиіс болды. Өйткені премьер-лигада ойнайтын клубтарда ғана қосалқы команда болады. Сондықтан «Байқоңыр» мен «Қайсар» бірінші лигада бағын сынады. Бір қызығы, сол жылы үлкен командаға шақырту алдым. Командамен бірге Түркияға аттанып, оқу-жаттығу жиындарына қатыстым. Яғни, бірінші лиганың алғашқы айналымын «қасқырлар» сапында ойнауға мүмкіндік туды. Бірақ тәжірибемнің аздығы негізгі құрам ойыншысы болуға кедергісін келтірді. Негізінде қосалқы құрамда қалып, футбол алаңдарына шықпасаңыз, ойын тәжірибесінен айырылып қалатыныңыз футбол қағидасында дәлелденген. Сондықтан тәжірибені шыңдау үшін екінші айналымда «Байқоңыр» командасының намысын қорғауға бел байладым. Осылайша 4 жыл «Байқоңырда» тәжірибе жинақтап, өткен жылдан бастап «Қайсардың» жеңісі үшін барымды салып келемін.

**– Өзіңіз білесіз биыл Бірінші лига бәйгесі қызып тұр. Жоғары топқа өтуге 3 команданың дәмесі зор. Жалпы «Қайсардың» бұл сындағы аяқ алысы қалай?**

– Баршаға мәлім, «Қайсардың» ойыншыларының басым бөлігі жергілікті жерден құралған футболшылар. Чемпионаттың алғашқы айналымы аяқталуға жақын. Әзірге топ ішінде 1-орында келеміз. Соңғы ойында басты қарсыласымыздың бірі «Қыранды" қапы қалдырдық. Алдағы ойындардада жеңісті кездесулер көп боларына сенемін. Бүгінде барлық командадан ұпай еншілей аламыз. Сондықтан биылғы біріншілікте жеңімпаз атанып, премьер-лигаға шығамыз деп жоспарлап отырмыз.

**– Қазақ футболында кімді идеал тұтасыз?**

– Әр адамның өзінің пір тұтатын тұлғасы болады. Жастайымнан жергілікті аяқдопшы Алдан Балтаевтің ойын мәнері өзіме қатты ұнайтын. Тіпті сол футболшыға еліктеп, жасыл алаңда қорғаныс шебінде доп теуіп жүрмін.

**– Армансыз адам болмайды. Арманыңыз қандай?**

– Арманым көп. (күлді) Алдағы уақытта «Қайсармен» табанды ойын көрсетіп, ұлттық құрамаға шақырту алып, үлкен жетістікке жетсем деймін. «Шәкіртсіз ұстаз тұл», демекші болашақта шәкірт тәрбиелеп, қазақ футболына із қалдырсам деген арман, мақсат бар.

**Әңгімелескен**
**Ардақ БАҚЫТ,**
**Қорқыт ата атындағы**
**Қызылорда университетінің І курс студенті**

# СЛОВАКИЯДАҒЫ СЕНСАЦИЯ



**Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы ұлттар лигасын сәтті бастады.**

Алғашқы ойында Адиев шәкірттері Азербайжан құрамасын 2-0 есебімен сан соқтырса, екінші кездесуін азулы Словакия құрамасымен қарсы өткізді.

Словакияның Трнава қаласында басталған матч жерлестер үшін сәтті басталды. Әдеттегідей 5-4-1 жүйесі бойынша тактикамен шыққан құрамамыз қорғаныста сауатты, шабуылда ширақ қимыл көрсетті. Ортада Оразов керемет ойқастады. Оған Айымбетов мен Астанов әдемі қолдау білдірді. Сөйтіп, екінші минутта Сергей Малый қарсылас қақпасына алғашқы соққыны жасады. Бірақ ағылшындық "Фулхэм" командасында ойнайтын қақпашы Марек Родак қайтарды.

Бірінші таймның бел ортасынан асқаннан кейін біздің құрама шабуылда белсенді. Соның арқасы. 26-минутта гол соқтық. Өте әдемі гол. Қарсылас айып алаңы. Қарбаласқан сәт. Доп Асылан Дарабаевтың аяғына келіп түсті. Асылан да аямай тепті. Доп қарсылас қақпасында тулады.

Есесі кетіп жатқан Словакия екінші таймда бірден екі ойыншы алмастырды. Владимир Вайсстың орнына Томаш Суслов, Иван Шранцтың орнына шабуылшы Лукас Хараслин шықты. Сөйтіп словактардың ойынына қан жүрді. Алаң иелері бірден екі қауіпті шабуыл жасады. Бірақ, тың шыққан екі ойыншының соққысы қақпадан қиыс кетті.

Словакия құрамасының ойындағы ең қауіпті шабуылы 62-минутта тіркелді. Харалин қақталдан сытылып шығып, Щацкиймен бетпе-бет шықты. Алайда, Словакия құрамасы шабуылшысы шиіріп тепкен доп қақпаның бағанасына тиді.

77-минутта Словакия есепті теңестірген еді. Алаң жиегінен асырылған пасты Ладислав Альмаши сәтті пайдаланып, гол соқты. Бірақ бұл сәтте ойын тоқтап қалды. Сөйтсек, кездесудің төрешісі Кристо Тохвер бейнеқайталау көріп жатты. Оның қорытындысы бойынша, фол тіркеліп, гол есепке алынбады. Доп қақпаға кірердің алдында Қазақстан құрамасы шабуылға шығып жатыр еді. Төреші сол кезде словактардың ойыншысы ереже бұзғанын тіркеді.

Есепке алынбаған голдан кейін Словакия қауіпті ештеңе істей алмады. Дегенмен Қазақстан құрамасының футболшылары Артур Шушеначев, Сергей Малый және Бағдат Қайыров сары қағаз алды.

Осылайша Қазақстан құрамасы сыртта алаңда Словакия құрамасын сан соқтырды.

Айта кетейік, енді келесі кездесуін Қазақстан құрамасы Сербияның Нови-Сад қаласында өткізеді. Қарсыласымыз Беларусь құрамасы. Ойын Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 11 маусым күні өтеді.

# БОУЛИНГ



**Боулинг – олимпиадалық жарыс түріне енбесе де жастар арасында едәуір сұранысқа ие. Бұл спорт түрі кегли ойынынан пайда болған. Шарты - мүмкіндігінше аз доптардың көмегімен жолдың соңында арнайы түрде орнатылған кеглилерді құлату. Білектің күшін қажет ететін боулингтың әлемде көптеген түрлері бар. Қоғамға кең тарағаны 5 және 10 істікшелді түрі.**

Ойын АҚШ-та өте танымал – бұл ел бір тұрғынға шаққандағы жолақ саны бойынша көш бастап тұр. Бұл көрсеткіш бойынша АҚШ-тан кейін Британ Достастығы, Скандинавия және Жапония елдері келеді. Жалпы алғанда әлемнің 120 елінде 10 миллионға жуық тұрақты боулинг ойыншылары болған. Ойыншылар клубтарда, әртүрлі бірлестіктерде бас қосып, жарыстар ұйымдастырады.

Ең ірі және ең беделді қауымдастық – 134 елдің федерацияларын біріктіретін Халықаралық боулинг федерациясы «World Bowling». Федерация ресми реттеуші ретінде танылған және бүкіл әлем бойынша 10 және 9 істікшелі боулинг жабдықтарының ережелері мен стандарттарын белгілейді. ДДБ чемпионаттары 2 жыл сайын өткізіледі.

Боулингтың тарихы тым әріде. Мысалы, Үндістан, Финляндия, Йемен және Полинезияда археологтар боулингтың құрылғыларын қазба жұмыстарында тапқан. Ойынының ең көне үлгісі 1930 жылы Египеттегі династияға дейінгі жасөспірімнің жерлеуінен табылған және біздің дәуірімізге дейінгі 3200 жылдарға жататын ойын жиынтығы деп есептелді. Боулингке ұқсас ойын үшін жабдықталған ең көне бөлме де Египетте, Каирде 2007 жылы табылған.

Алайда, Германияны қазіргі заманғы боулингтің отаны деп санаған жөн. Бұл жерде біздің дәуіріміздің ІІІ ғасырында ағаш қазықтардың (Кегель) және оларды қағып кететін тас шардың (Кугель) бар екені туралы деректер бар. Алғашында олар діни рәсімдерде қолданылған. Қазық қағу күнәдан құтылу секілді. Бірте-бірте бұл рәсім десакрализацияланып, көптеген неміс тілінде сөйлейтін халықтар ұнататын көңілді ойынға ұласты. Ұлы көші-қон кезінде, ең алдымен бұл ойын бүкіл Еуропаға тарады.

Елімізде де боулингке деген қызығушылық айтарлықтай өсіп келе жатыр. Әсіресе жастар арасында беделі артуда. Әр облыста кем дегенде 2-3 боулинг орталықтары бар. Соның бірі шаһардағы «Боулинг king». Аптасына 200 адамды қамтитын орталықтың тұрақты қатысушылары көп.

– Боулинг ойыны мен үшін ерекше спорт түрі. Себебі ол адамға жағымды эмоциялар сыйлайды. Сонымен қатар бұлшық еттердің нығаюына септігін тигізіп, адам денсаулығына оң әсерін береді. Мен бос уақытымды тиімді өткізу мақсатында достарыммен сәт сайын боулинг ойнауға барамын. Тіпті мерекелік шаралар, туған күндерде жиылғанда да боулинг орталықтарына барып көңілді уақыт өткіземін. Бастысы, боулинг адамға керемет көңіл күй сыйлайды, – дейді, орталықтың тұрақты қатысушысы Асылзат Жолдасова.

Бұл спорт түрі икемділігі мен қарапайымдылығымен өте танымал. Оған балалар да, ересектер де белсенді қатыса алады. Боулингтің көптеген адамдар толық білмейтін жасырын пайдасы бар. Ол адам өміріндегі белгілі проблемаларды уақытша ұмытып, басқа әлемге саяхат жасауға мүмкіндік сыйлайды.

**Дамир СЕЙІЛХАНОВ**
**Қорқыт ата атындағы**
**Қызылорда университетінің ІІІ курс студенті**



# БЕНТО-ТОРТ – ЖАҢА ТРЕНД

Бүгінде туған күнді тортсыз елестету мүмкін емес. Оның үстіне түнгі сағат 12-ні күтіп, туған күн иесіне торт үрлету сәнге айналды. Дәмді тәттінің түр-түрі бар. Әсемдік үшін безендірілетіні үлкен сұраныста. Оның үстіне мультфильмдегі кейіпкерлер балақайлардың көңілін көтереді. Кондитерлік дүкен қалауыңыз бойынша тапсырыс алып, үйге дейін тегін жеткізіп беру қызметін де қамтамасыз етіп қойған.

Мәселен, әлеуметтік желі арқылы кең танылған bento_torty_kzo табиғи өнімдері үлкен сұраныста. Бенто-торт кез келген мерекеге арналған керемет сыйлық екені белгілі. Кондитерлер арасындағы жоғары бәсекелестік оларды жаңа идеялар, ерекше дәмдер және десерті безендіру әдістерін ойлап табуға итермелейді. Осылайша, классикалық көпқабатты торттар қатарына корейлік бенто-торттар қосылды. Мұны кез келген кондитер жасайды. Соның бірі – қызылордалық Назерке Болатқызы.

Ол бала күтіміне байланысты демалысқа шыққанда үйде отырып істейтін жұмысты қарастырды. Сөйтіп түрлі курстарға жазылады. Жан-жақты ізденіп, осы саланы зерттеген. Нәтижесінде тәтті тоқаштар пісіруді қолға алды.

– Бірінші бөлемді көтергенде үйде отырдым. Содан қандай іспен айналысуға болады деп көп ойландым. Басымдықты инстаграм парақшамды дамытудан бастадым. Осылайша жақсы деген мамандардың курсына жазылдым. Ақырында тәттілер пісіруді қолға алдым. Бұл аз уақыт алады дей алмаймын. Дегенмен балаларыма да, отбасыма да, жұмысыма да уақыт табылады. Өзіме ұнағаны, тиімдісі осы болды. Тапсырысты беріп, кейіннен қайтарып берген адам болмады. Жалпы өзім түрлі-түсті тәттілер дайындаймын. Торттың кез келген түрін жасап көрдім. Қазір сұраныстағысы – бенто-торт. Көлемі де кіші, бағасы да қолжетімді. Уақытты да аса көп алмайды. Жасаған өнімің тәтті, сапалы шығу үшін еңбектенесің ғой. Отбасым маған сенім, қолдау білдіреді, – дейді Назерке.

«Бенто» – жапон сөзі. Ол бір немесе екі адамға жететін порция қаптамасын білдіреді. Мұндай порциялық тамақ мектепке апаратын тіскебасарлар және бірге алып жүретін түскі ас ретінде тараған. Идеяны кондитерлер өз тәжірибелеріне алған. Міне, бүгінде үлкен сұраныстағы өнімнің бірі. Себебі бентосыз туған күн өтпейтін болды.

– Биыл тортты сатуды қолға алдым. Қызылордалықтар үшін 8-10 мың көлеміндегі торттар қалтаға салмақ салады. Сосын туған күнде көп адам болмайтынын да алға тартады. Жастардың талабы да күн санап күшейіп келеді. Сондықтан өзгелерден гөрі бенто-торт трендте. Жастардың арасында ең көп өтетіні, сұранystағысы осы. Бенто-торттың қарапайым торттан айырмашылығы – крем мен дәмі бірдей, тек бағасында ғана өзгеріс бар. 2-3 адам тауысуға болады, – дейді ол.

Назерке облыстық балалар ауруханасының қабылдау бөлімінде мейірбике болып жұмыс істейді. Бүгінде бала күтіміне байланысты демалыста. Кәсіпті осы уақыт аралығында дамытып, жүргізіп келеді.

Бенто торт тапсырыс берушінің талғамына қарай жасалады. Дизайн, үстіне жазылатын сөздердің бәрін тандап алады.

– Торт, салатын бір реттік контейнер, астына жайылатын пергамент, тортқа арналған балауыз шам және кішкентай шанышқы немесе қасық – бенто-торттың бөлігі. Әдетте, бенто-торттың салмағы 1 киллограмнан аспайды. Артықшылығы – ерекше безендірілуінде. Бенто-тортты туған күнге, кешірім сұрауға, сезімін білдіруге, кештерге немесе жақынын себепсіз қуантуға жасатады. Бенто-тортқа тапсырыс берерде өзіңіз қалаған сөзді жаздыра немесе суреті салдыра аласыз. Мұндай тортты безендірудегі басты ереже – оның қарапайым болуы. Сондықтан көбіне маңызды сөздер жазылған минималды дизайнмен дайындалады, – дейді кейіпкеріміз.

**Маманнан кеңес**

Өзіңіз бұрын-соңды торт пісіріп жүрген болсаңыз, онда бенто-торт дайындау аса қиындық туғызбайды. Уақыт ұтасыз. Тортқа кеpeкті бисквит пен крем болса, жеткілікті. Бисквит торт дайындаған секілді әзірленеді. Сосын оны кесемен бірнеше бөліктерге бөлу керек. Кремді де, салындыны да өзіңіз қалағандай дайындайсыз. Дизайнды өз қалауыңыз бойынша жасайсыз, безендіруге қажетті заттар кейіннен анықталады.

**Мөлдір САБЫРЖАН**




БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

# „АЛТЫН САҚА“ ОБЛЫСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

**Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Балалар жылына» орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды. Бүгінде өтінім санының артуына байланысты байқау қорытындысын жариялау 1 айға шегерілді.**

Байқаудың мақсаты: «Балалар жылы» аясында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

**1.БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ**

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесе ұйымдастырады

1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.

**2. Байқау шарттары мен тәртібі**

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан басталып, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz @mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

**3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:**

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернеттен, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді.Бірлескен авторлыққа жол берілмейді (ертегіні бір оқушы жазуы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылу керек. Қарпі – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ енімен тегістеу. Жұмыстың көлемі А-4 форматының 2 бетінен аспау керек (титулды бетті қоспағанда). Жұмыстың титулдық бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілу қажет.

**4. Қорытынды**

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары шілде айында анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.



# JULDYZ – JORAMAL

**(9 – 16 маусым)**

**Тоқты**
Өз кемшіліктеріңізді ойлап бас қатырмаңыз, өз-өзіңізге сеніміді болыңыз. Әділеттілік сақтаңыз. Сонда ғана жұмысыңыз да, жеке кәсібіңіз де алға жылжиды. Апта барысы есеп-қисаппен айналысып, жоба немесе жоспар құруға өте ыңғайлы.

**Торпақ**
Орын алатын оқиғалардың барлығы сізге оң әсерін тигізеді. Сіз лауазымды тұлғалардың немесе әріптестеріңіздің көмегіне жүгіне аласыз. Олар сізге бағыт-бағдар беріп, мақсатқа жетуге көмектеседі.

**Егіздер**
Апта махаббатыңызды мойындап, романтикалық кеш ұйымдастыруға өте ыңғайлы. Балаларыңыздың немен айналысып жүргеніне мән беріп, көңіл бөліңіз. Жақындарыңыз бен сүйікті адамыңызға сыйлық жасап, көңілін аулаңыз.

**Шаян**
Серіктестермен немесе басқа да адамдармен кездесулер сіз үшін тиімді болмақ. Бұл кездесуге тиянақты түрде дайындалсаңыз, көп пайдаға кенелесіз. Сізге тапсырылған жұмыстарға бей-жай қарамаңыз.

**Арыстан**
Сіз – шынайысыз. Сондай-ақ кез келген қиын тапсырманы оңай орындай аласыз. Достарыңызға көмек көрсетуден қашпаңыз. Апта жолға шығуға және ақпараттар легін жинауға қолайлы болмақ.

**Бикеш**
Жұмыс барысында таныскан жандармен қолға алған істі жүзеге асыратын боласыз. Қызметіңізді жоғарылатуға немесе қаржылай қолдайтын жандардан көмек алуға толық мүмкіндігіңіз бар.

**Таразы**
Аптаны демалысқа арнап, өзіңізге толық демалыс сыйлаңыз. Бассейнге барыңыз, массаж қабылдаңыз. Салқын су ағзаңызды жақсартып, денсаулығыңызға оң әсерін тигізеді. Көптеген аурудың алдын алады.

**Сарышаян**
Әріптестеріңізбен және достарыңызбен дауласпаңыз. Бұл жақсы емес. Аптада өте ашушаң боласыз. Ол сөзіңізден де, ісіңізден де байқалады. Ұстамды болуға тырысыңыз. Сабырлық танытыңыз.

**Мерген**
Қолдан келер іспен айналысыңыз. Аспандағы айға қол созудың қажеті жоқ. Үйде ұсақ-түйек істі атқарып, қаржылық мәселені біржақты етіңіз. Үйге зат сатып алудың немес артық ақша жинаудың қажеті жоқ.

**Тауешкі**
Ұсақ-түйек тірліктің барлығын бітіресіз. Сізді біреулер алдап соққысы келеді. Майда-шүйденің барлығына мән беріңіз. Тіпті қайтарым ақшаның өзін санап алғаныңыз жөн. «Сақтықта қорлық жоқ».

**Суқұйғыш**
Өзгелердің қулығыңызды асырамын деп ойламаңыз. Өйткені оның барлығы өзіңізге зиян тигізуі мүмкін. Бұл сіздің беделіңізге сын. Өзгелердің ығына ермеңіз және күдік тудыратын мәселелерден аулақ болыңыз.

**Балық**
Аптада күш-қуатыңыз мол болады. Белсенділік таныту өз пайдасын әкелмесе, зиянын тигізбейді. Көлік жүргізетін болсаңыз, жолда абай болыңыз. Сізге нәзікжандылар көп көмегін тигізеді.

Кезекші редактор: Е.ШӘРІБЕК

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 8059**
**Тапсырыс: 933**

Концевые сноски